



● АҚ ЖЕЛЕҢДІ АБЗАЛ ЖАНДАР



Алғыс арқалаған

Бақытгүл Рахимова туралы сөз

**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Бақытгүл Рахимова Қостанай ауданы, Заречный дәрігерлік амбулаториясының Абай пунктінде қызмет атқарады. Жүзден астам түтіні бар Абай ауылының тұрғындары Бақытгүл Қойғарақызын мақтан етеді. 34 жыл бойы ақ желеңін тастамаған ол сырқат жанды дәрімен ғана емес, жүреппен де емдеу қажет дейді.

– Дәрігер болуды мақсат еткенде, оның ауыртпалықтарының болатынын да білген жөн. Жалпы, мұндай қызметке жай ғана қызығушылық пен ма-

мандық алу жеткіліксіз. Оған шын берілуің қажет, өйткені, сен адам өмірі үшін жауаптысың. 2014 жыл болатын. Боранды түн. Толғағы қысқан жас келіншекті облыс орталығына жеткізу керек. Амал жоқ, жылдам жету үшін жол үстінде төтенше жағдайлар қызметінің көлігіне міндік. Жол көрінер-көрінбес. Кейбір көліктер қар астында қалып қойған. Айтайын дегенім, ақ желеңділер осы сипаттағы оқиғалар кезінде сасқалақтап немесе айқай-шуға бой алдырмауы тиіс, – дейді тәжірибелі дәрігер.

Ай сайын Абай ауылына аудан орталығынан дәрігер-педиатрлар келіп, медициналық тексеру өткізеді. Қазір скрининг жүріп жатыр. Тегін ре-

цептпен 25 адамға дәрі-дәрмек беріледі. Қарттар мен сәбилердің денсаулығы басты назарда.

– Қатпары қалың саланың бүгінгі тірлігі қуантарлық. Адам өміріне араша түсетін үздік мамандардың көбейгені – көңілге медеу. Солардың бірі – Бақытгүл Рахимова. Бір күні ойламаған жерден қызуым көтеріліп, талып қалдым. Есімді жисам, қасымда Бақытгүл Қойғарақызы тұр. Мені өлімнен алып қалған осы кісіге өмір бойы қарыздармын, – дейді ауыл тұрғыны Мұратбек Нұржанов.

**СУРЕТТЕ: Бақытгүл Рахимова.
Суретті түсірген Бағдат Ахметбеков.**

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

САЛЫҚҚА САЛҒЫРТ ҚАРАМАҒАН ЖӨН

**Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ**

Өңірімізде жергілікті бюджеттің 55% жұмысшылардан жиналған салықтан құралады. Ал, биыл көптеген кәсіпорындардың табысы төмендейді деп күтілсе, қазынаға келіп түсетін кіріс те азаяды деген сөз. Тек былтырғы жылдың алғашқы жартыжылдығында өңіріміздің бюджеті 500 миллион теңгеге толмай қалған.

Салық базасын ауқымды ету мақсатында салықтық әкімшілік басқару сапасы арттырылмақ. Салық пен төлемдердің бюджетке толық әрі уақтылы келіп түсуі қадағалауға алынып, салық төлеушілер дер кезінде құлақтандырылып отырады. Бұл – аймағымыздың 2016 жылғы кіріс бөлігін қамту шараларына қатысты бекітілетін дағдарысқа қарсы жоспары. Құжатты облыстық кіріс департаментінің басшысы Айбек

Паяев таныстырды. 44 тармақты құрайтын жоспар аймақтағы 20 департамент пен басқарманы қамтып отыр. Департамент басшысы дағдарысқа қарсы жоспар оған қатысатын мемлекеттік органдардың өзара ықпалдастығына байланысты екенін айтты.

– Өткен жылдың аяғында облыстық ІІД қызметкерлерімен бірлескен рейдтердің нәтижесінде 2,4 мың көлік жүргізушіден бюджетке 40 млн. теңге қайта-

рылды. 2,1 мың көлік иесінен 92 млн. теңгені өндіріп алу және әкімшілік жауаптарға тарту жөнінде іс материалдары сотқа жолданды. Жалпы берешегі 3,8 млн. теңгені құрайтын 23 автокөлік бұғатталды. Бұдан бөлек, флешмоб түрінде, ұнпарақтар тарату арқылы түрлі шаралар қолға алынған. Осындай жұмыстардың арқасында көліктен түсетін салық 200 млн. теңгеге артығымен орындалды, – деді Айбек Паяев, облыс

әкімдігінің аппарат мәжілісінде.

Аймағымызда рұқсат құжаттарынсыз жарнама орналастыру заң бұзушылықтары азаймай отыр. Мұндай деректер, әсіресе, Қостанай, Рудный, Лисаков, Арқалық қалаларында көп тіркелген. Мемлекеттік кіріс департаменті мен аудан-қалалардың өкілетті органдарының бірлесе атқарған жұмыстары да оң нәтиже беріп, қазына 72,2 млн. теңгеге толыққан.

● КӨКТЕМ ШУАҒЫ

Елбасымен дидарласқан

Елена Данилова туралы сөз

**Руслан
ӘЛКЕЕВ**

4-наурызда Ақордада Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанның әйелдер қауымымен болған "Көктем шуағы" атты кездесуіне қатысу бақыты біздің Елена Даниловаға да бұйырды.

– Көктем мерекесі қарсаңындағы бұл кездесу мен үшін керемет сый болды. Әр салада табысты еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер Елбасымен кездесіп, жүрекжарды ілтипатына, сыйқұрметіне бөленді. Жалпы, жүздесу барысында қатты қобалжыдым. Бірақ, Көшбасшымызды көзбе-көз көргенде алабұртқан көңілім бірден басылды. Теледидардан көрген басқа, шынайы өмірде көрген мүлдем бөлек екен. Ол бізбен көп әңгімелесті, көп өзілдесті. Бұл жәй ғана кездесу емес, емен-жарқын әңгімелесу болды. Мемлекет басшысы еліміздің қалыптасуы мен дамуындағы әйелдердің баға жетпес рөліне тоқтала келіп, бізді қоғамдағы бірліктің, жасампаздық пен тұрақтылықтың бейнесіне теңеді. Сондай-ақ, әйелдің басты парызы ана болу екенін атап өтті. Осындай жылы жүздесуден соң Елбасымен қосылып, қазақтың халық өнін шырқадық. Президенттік түскі асқа бардық. Әрине, ол өзі қатыса алмады, бірақ, салтанат сарайында түстенудің өзі неге тұрады? Түскі тамақтан соң мерекелік концертті тамашаладық. Президенттің өзі бірнеше мәрте ән салды. Бұдан кейін біздерді өзіміз аялдаған "Думан" қонақ үйінің ұжымы құттықтады. Бәрі де өте тамаша өтті.

Мен, жас болсам да дәл осындай думанды кездесуге қатысқаныма қатты қуаныштымын, – дейді Елена Сергеевна.

Жалпы, Елбасымен кездесуге Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай 25 адам шақырылыпты. Әр облыстан бір-бір адамнан. Қостанайдың атынан барған біздің жерлесіміз де Елбасының алдында өз жұмысының жетістіктері жайында әңгімелеп, ақ алғысын білдіріп, мұқабасында алма мен қызғалдақтың суреті бар Қазақстан энциклопедиясын тарту еткенін таңды-таңға ұрып, тамсана айтуға бар. Әсіресе, бұл күнді өмірінің ең бақытты шағына балайды.

Айта кеткен жөн, бүгінде Елена Данилова Сарыкөл ауданындағы "Жастар бастамасы орталығының" басшысы. Жастарды жұмыспен қамту, курсқа оқыту мақсатында Елбасының сарабал саясатын іс жүзінде жүзеге асырып келеді.

Сарыкөл ауданы.

Қауіптің алдын алу



"ССКӨБ" АҚ бөлімшелерінде еңбекті қорғауға, өнеркәсіп қауіпсіздігіне және жарақатты болдырмауға баса мән беріледі. Оның дәлелі ретінде кәсіпорынға тиесілі "ТрансРудныйАвто" ЖШС ұйымдастырған автошеруді алсақ болады. "Қауіпсіздік жолы – біздің жолымыз" деп аталған мұндай шара бірлестікте бірінші мәрте өткізіліп отыр.

– Біздің серіктестікте жол жүру қауіпсіздігіне ерекше назар аударылады. Себебі, жүргізушілер жол ережелерін сақтағанда ғана кез келген жарақат пен қайғылы жағдайлардың алдын алуға болатынын жақсы түсінеді, – дейді "ТРА" ЖШС директоры Евгений Кошелев.

Колонна құрамында екі вахталық автокөлік, самосвал, жарғыш және автогидрокөтергіш көлік болды. Олар Сарыбай кен басқармасы, фабрикалық кешен және автокөлік басқармасы орналасқан аумақпен жүріп өтіп, жол бойы көлік динамиктерінен қауіпсіздіктің "алтын ережелерін" қайталап отырды.

Игі бастама жөнінде Автокөлік басқармасының технологиялық автокөлік жүргізушісі Андрей Анкундинов былай дейді:

– "ССКӨБ" АҚ-да жұмыс істеудің алғышарты – еңбек қауіпсіздігін сақтау. Осыны насихаттауда мұндай шаралардың маңызы зор. Автошеру қатардағы жұмыскерден бастап басшылардың адам өміріне деген жауапкершілігін арттыра түсетініне сенімдімін.

Ұйымдастырушылар автошеру басқа да бөлімшелер тарапынан қолдауға ие болып жатса, алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізіліп тұратындығын айтады.

Рудный қаласы.

САЛЫҚҚА САЛҒЫРТ
ҚАРАМАҒАН ЖӨН**1-бет**

Дегенмен, салық міндеттемелерінің орындалуын қадағалауға әділет департаменті тарапынан келтірілген анықтамалар мен ақпараттардың бұрмаланып жеткізілуі кесірін тигізбей қоймапты. Әділет органы берген мәліметтердің 10% қате. Аймағымыздағы 16 өңірден алынған материалдарда біресе жеке идентификациялық номер (ЖИН) жоқ,

кейбір ЖИН мен салық төлеушінің нөмірі сәйкес келмейді. Енді бірде азаматтардың туған жылы мен ай-күні дұрыс көрсетілмеген. Жоғарыдағыдай келеңсіздік көлік құралдары мен көлік иелеріне де қатысты. Мемлекеттік кіріс департаментінің осы келеңсіздіктерді ретке келтіру мақсатында бірлесе рейдтер ұйымдастыру туралы ұсынысынан Алтынсарин, Денисов,

Жітіқара, Қамысты, Қарасу аудандарының ішкі істер саласы қызметкерлері бас тартқан.

Аймақ басшысы Архимед Мұхамбетов мұндай маңызды науқанда барлық органдардың жұмыла жұмыс істеуін тапсырды. Әсіресе, салықтан жалтартындар мен жалған кәсіпкерлік құрғандардың заңсыз қызметін әшкере ету де ұдайы уақыттың назарда болатынын ескертті.

Су тасқынына сақадай сай

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Көктем келіп, қар ерігелі бері қаланың коммуналдық мекемелерінде дамыл жоқ. Басты мақсат – көктемгі су тасқынының алдын алып, тұрғын үйлер мен тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау.

Арқалық қаласында 117 көпқабатты үй есепте. Оның 87-не "Іскер - Арқалық" ЖШС қызмет көрсетеді. Тапсырыс түсіп жатса қалған 30 үй кондоминиум нысанына да көмек қолын созады.

– Ұжымда 72 адам жұмыс істейді. Мұның сыртында әлеуметтік жұмыс орны арқылы жіберілген 26 адам көпқабатты үй аулаларының тазалығын қадағалайды. "Қамданған қапы қалмайды" деген. Былтыр күзде 8 куб құм түсіріп, жабық орынға қаптап дайындап қойдық. Міне, енді қажет болғанда жан-жаққа сабылып іздеп жатпай, дайын тұрған құм толы қапшықтарды қажетінше пайдаланудамыз. Біздің бұл қарекетімізді төтенше жағдайлар қызметі де жоғары бағалайды.

Бүгінгі таңда серіктестікке қарайтын 4 учаске бойынша: Абай даңғылы, Ғ.Қайырбеков, Ш.Жәнібек, Р.Маясова көшелеріндегі бірқатар үйлердің іргелеріне құм төсеп, ағын судың алдын алып жатырмыз, – дейді серіктестік директоры Төлеу Бақытжанұлы.



Төлеу Қабжанов, қала тұрғыны: – Мен Шахшақ Жәнібек көшесі № 87 үйдің тұрғынымын. Іскер кәсіпорны үйіміздің маңайын абаттандырып, ілкімділік танытады. Міне, көктем шыға үйіміздің іргесін қардан тазартып, қар суының үйімізге еңбеуі үшін күш салуда. Жұмыстарын жақсы бағалап, алғысымызды айтамыз.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: су тасқынының алдын алу шаралары.

Суретті түсірген автор.

Инновациялық даму.

Қозғалыс. Кәсіпкерлік.

Шағын және орта бизнес Қазақстан экономикасының дамуында шешуші сипат алып отыр, өйткені ол, халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуге, нарықты отандық тауарлармен және қызметтермен толтыруға, бәсекелестік ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Рудный индустриялық институтында кәсіпкерлер Палатасының өкілі, кәсіпкерлікті қолдау орталығының менеджер-кеңесшісі Е.Әлмағамбетов шақырылған бизнес-мектептің кезекті кездесуі өтті. Кездесу барысында Палата өкілі студенттік қоғам арасында үлкен қызығушылық тудырған бүгінгі таңда көптеген жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдауда көптеген бағдарламалар бар екенін, кредиттік мөлшерле-

мені субсидиялау жайлы нақтылап айтып берді.

Жалпы айтқанда шағын және орта бизнесті қолдау үшін мемлекетпен қабылданған шаралар арасында салық ауыртпалығын азайту; меншіктер мен активтерді жария ету; әкімшілік процедура-лар мен рұқсаттарды жеңілдету; несие ресурстарына қолжетімділікті жеңілдетуді атап айту керек.

Жастар – бұл өмірдегі кез-келген өзгерістерге тез жауап беретін және олардың жағымды жақтары тиімді қабылдайтын, "Кәсіпкерлер және студенттер Альянсының" әрбір кездесуінде өздерін көрсететін қоғамның белсенді бөлігі. Тыңдаушылардан көптеген сұрақтар түсіп, олар диалог түрінде әңгіме жүргізді.

Осыған көп көңіл бөле отырып,

**Айтолқын
АЙҚАДАМОВА**

Аграрлық несие корпорациясының кеңестері енді қаламыздағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында да беріледі.

Биылғы жылдың наурыз айынан бастап Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ кеңестері беріледі. Мал өсіруді, өсімдік шаруа-



ауадай қажет. Осы мақсатты көздеген бастама қолдау табуда. Әсіресе қазіргі көктем науқаны алдында шаруалар үшін бұл қажетті ақпарат.

шылығын, көктемгі-егіншілік жұмыстарын, қайта өңдеуді дамытуға бағытталған несие-лендіру бағдарламалары бойынша, сондай-ақ, жайылымдарды суландыру және ауыл-шаруашылық емес бизнес бағдарламалары жөніндегі ақпараттар тегін беріледі. Өз ісін бастау үшін бағыт-бағдар беретін маман кеңесі

● МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ет кластері жандана түспек

**Айбек
КӘДІРҰЛЫ**

Тобыл өңірінде мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Мәселен, үстіміздегі жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтерге қарағанда, облыста төрт түлік пен құстың саны өскені байқалады. Сәйкесінше, өнім өндіру көлемі ұлғайған. Сандарға шақсақ, сүт 4,1%-ке, жұмыртқа 14,6%-ке өскен.

Бұл мемлекет қамқорлығының арқасында қол жеткен табыс әрі мақсатты бағдарламалардың жергілікті жерде нақты жеміс бере бастауының жарқын көрінісі.

— Біз осыны одан әрі жалғастыра беруіміз керек. Әсіресе, салалық бағдарламаларды орындауда ілкімділік танытқан жөн, — дейді облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғауез Нұрмұхамбетов. Оның айтуынша, үстіміздегі жылы мемлекеттік "Сыбаға" бағдарламасы арқылы шаруалар 5200 қара мал сатып алуды көздеп отыр. Әзірге, 372 ірі қара әкелінген. Аграрлық несие корпорациясына кәсіпкерлерден тағы 680 зеңгі баба тұқымын сатып алу туралы өтініш келіп түсіпті. "Құлан" бағдарламасы бойынша 2000 жылқы әкелу жоспарланса, күні бүгін соның 62-сі шаруашылықтарға жеткізілген. "Алтын асық" бағдарламасының да тиімділігі арта түсіпті. Биыл 3500 қой сатып алынбақ. Ал, "Ырыс" бағдарламасы бойынша 6 сүт фермасы бой көтереді. Бұлардың әрқайсысына 450 сауын сиырдың күтімі

жүктелген.

Өңірде жайылымдарды сумен қамтамасыз ету жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылатын болады. Ғ.Нұрмұхамбетов облыс бойынша 30 ұнғыма салу жоспарда тұрғанын айтады. Әзірге соның тоғызының құрылыс жұмыстары басталған.

— Етті бағыттағы мал шаруашылығын дамытудың өңіраралық кооперацияларын құру мақсатында ҚР ауылшаруашылығы министрлігі мен Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарымен бірлескен жоспар түзілді, — деді облыс әкімінің бірінші орынбасары. — Осы жобаның шеңберінде облыста ет кластері жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде облыста мал шаруашылығы саласын дамытуға соны ықпал етері сөзсіз.

Биылдың өзінде барлық дәрежелі шаруашылықтарда қара мал санын 454 мыңға дейін немесе 7,5%-ке көбейту көзделген. Жекеменшік және ауылшаруашылық құрылымдарында асыл тұқымды сиырлардың саны 38%-ке ұлғаюы мүмкін.

Мал бордақылау алаңдарының өндірістік қуатылығы арқасында "Терра", "Қараман", "Алтынсарин" ЖШС-тері бір мезетте 14 мың қара малға дейін өсіруге қауқарлы. Осы арқылы өңірде ет өндірісінің көлемін арттыруға мүмкіндік бар.

Жалпы, үстіміздегі жылы облыс шаруалары 3000 тонна сиыр етін экспорттауды жоспарлап отыр.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Айыппұл тұрағы тәртіпке келтірілсе

**Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ**

Өңіріміздің аудандары мен қалаларында жүк көліктерін тоғытатын арнайы айыппұл тұрақтары жоқ. Тек облыс орталығындағы Узкая Колея көшесі бойында орналасқан жалғыз тұрақтың жағдайы мез емес. Жол ережесін бұзған және жүк көлемін шамадан тыс артқан ауыр машиналарды айыппұл тұрағына жеткізудің өзі үлкен кедергілерге тап болуда. Әсіресе, өңірді көктем мен күзде су басқан кезде онда баратын жол ойылып, үлкенді-кішілі көліктердің өтуі қиындайды. Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының өткен жылғы атқарылған жұмыстарын қорытындылап, алдағы негізгі жоспарымен таныстыруға келген мекеме басшысы А.Қайырғалиев облыс әкімдігі аппарат кеңесінде

осындай мәселе көтерді:

— Осы түйткілді шешу үшін көпір бойынан айыппұл тұрағына дейінгі жолға қиыршық тас төсеу қажет. Және жүк көліктері кіріп-шығатын қосымша жол салынса дейміз. Сонымен қатар, облысымызда, соның ішінде Қостанай қаласы маңында ауыр жүк көліктерінің салмағын өлшейтін арнайы тегіс таразы жоқ. Мұндай құрылғы жол қозғалысының қауіпсіздігі үшін аса маңызды.

Бүгінгі таңда инспекция мемлекеттік саланың 19 түрі бойынша қызмет көрсетеді. Тек былтырғы жылы 2425 қызмет көрсетілген болса, оның 37% халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүзеге асырылыпты.

Былырғы жылы инспекция мамандары Қазақстан аумағынан өткен көліктерден 105,7 млн. теңге өндіріп, 500-ден астам көлік заңнамасының бұзылу дерегін

анықтаған. Соның нәтижесінде бюджет есебі 75,2 млн. теңгеммен толығыпты. А.Қайырғалиев сондай-ақ, аймақтың көліктік бақылау бекеттерінде шамадан тыс жүк алып жүру фактілері бойынша 224 әкімшілік құқық бұзу анықталған, деді. Олардың барлығына 41 млн. теңге айыппұл салынса, көліктердің жүріп өткені үшін 10 млн. теңге өндіріліп алыныпты.

Облыс әкімі А.Мұхамбетов айыппұл тұрағына баратын жолды ретке келтіру мен Қостанай қаласы аумағына ауыр жүк көліктерінің салмағын өлшейтін арнайы таразы орнату мәселелерін қарастырамыз, деді. Өңір жетекшісі өз кезегінде инспекция басшысына алдағы уақытта көліктік бақылау бекеттерін айналып өтіп кететін көліктерге қатысты былықтарды тәртіпке салуды тапсырды.

Меритократия қағидасы бойынша...

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Бүгінгі таңда конкурсқа қатысып, мемлекеттік қызметшілер қатарына кіру мүмкіншілігін толық пайдалану әр адамның құқығы және әр тұлғаға қолжетімді болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі меритократия принциптерін ұстанып, қазіргі таңда айқын әрі қолжетімді форматқа айналды, сондықтан да әр азамат өзін-өзі танытып, мансаптық жағынан жоғарлауына тең құқығы бар.

— Мемлекеттік қызметке тұру кез келген адамның қолынан келе бермейді деген жалған тапталу-рынды бұзу мақсатында, мәселен, жұмысқа қабылдауды, ең алдымен өзімізден бастадық, — деді ҚР мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің басшысы Берген Беспалинов.

Оның айтуынша, ең алдымен кәсіби талаптарға және адам бойындағы жеке қасиеттерге мән беру қажет, соның ішінде ең бастысы — жауапкершілік, тыңғылықтылық және адалдық аса ма-

ңызды.

Жалпы, мемлекеттік қызметке келер алдында әр үміткер конкурстан өтеді, соның ішінде сертификат алу мақсатында тестілеу бағдарламасы, құжат тапсыру, өңімелесу үдерісі дегендей, нәтижесінде үміткер комиссияның бағасын алады. Осы орайда тәуелсіз бақылаушының рөлі аса маңызды. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілер жұртшылықты бақылаушы ретінде конкурстық комиссия отырысына белсенді түрде қатысуға және де олардың әрбірі аталмыш конкурстардың айқын әрі таза өткендігіне көз жеткізуге мән беруде. Мәселен, ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінде конкурстық комиссияның отырысы болып өтті. Мемлекеттік қызметке орналасу үшін он төрт үміткер қатысты. Отырысты айқын және әділ өткізу мақсатында оған қоғамдық бірлестіктердің, саяси партия өкілдері, сонымен қатар облыс әкімдігінің әдеп бойынша уәкілетті тұлға А.Мұхамеджанова қатысып, конкурсқа қатысушыларға ортақ талап қойылатынына көз жеткізді.

● "ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020"

Жаңа мамандықтар — жаңа мүмкіндіктер

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Заман талабы – сұранысқа қажетті мамандықтарды игеру. Жақында Арқалық политехникалық колледжінің базасында жұмыссыздарды мамандыққа қайта даярлау үшін үш айлық оқу курсы өз жұмысын бастады.

— 2016 жылы Арқалық қаласына "Жол картасы–2020" мемлекеттік бағдарламасы арқылы республикалық бюджеттен 42 млн. теңге бөлінген. Бұл қаражат бағдарлама бағыттарын қамтуға, соның ішінде әлеуметтік жұмыс орындары, жастар тәжірибесі, кәсіби оқыту және мамандыққа қайта даярлау үшін жұмсалады. Мәселен, мамандыққа қайта даярлау үшін биыл 15 қатысушыға 2 млн. 230 мың теңге қаражат қарастырылып отыр, — дейді "Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту бөлімі" КММ басшысы Кенжебай Бейсенбаев.

Мамандыққа қайта даярланып жатқан ағайындардың қуаныштарында шек жоқ. Мемлекеттік бағдарламаның шарапаты мол. Шәкіртақы төленеді. Алыс ауылдардан келгендер жатақханамен қамтылып, тегін тамақ беріледі.

**Сағат АЙМАНОВ,
Жалғызтал ауылының тұрғыны:**

— Бұл үкіметтің халыққа жасап жатқан үлкен қамқорлығы. Бағдарлама бойынша электрик мамандығын алып шықпақшымын. Жасым 55-те. Балаларым ересек, немерем бар. Мамандық алуға әлі де кеш емес деп ойладым. "Арқалық–Шұбаркөл" теміржолы ауылымыздың іргесінен өтеді. Оқу аяқталғасын жұмыс болады деп үміттенемін.

Мамандыққа оқып жатқан ағайындардың ішінде көршілес аудандардың да азаматтары бар.



**Нұрдәулет ИБРАШЕВ,
Жанкелдин ауданының тұрғыны:**

— Мен осы оқу орнына келгеніме өте қуаныштымын. Осындай оқулар көбейе берсін. Қай жерге барсаң да "оқу керек, диплом керек" дейді. Диплом алатын жастар көбейе берсін. Электрмен және газбен дәнекерлеуші мамандығында оқып жатырмын. Бұған дейін оқымағанмын. Мектеп бітіргеніме 5 жыл болады. Құрылыста анда-мұнда жұмыс істедім. Мамандық алып, алға қойған мақсаттарымы орындаймын деген ойдамын.

Қай жерде болмасын "дәнекерлеушілерге сұраныс мол" деп ақпарат құралдары арқылы естіп жатамыз. Оқу бітіргеннен кейін жұмыс болады деп ойлаймын.

**Эльмира ТҰРСЫНБЕКОВА,
Молодежный ауылының тұрғыны:**

— Жұмыспен қамту арқылы оқып жатырмын. Жеке шаруашылықтарда аспаз болып жұмыс істеп жүрмін. Енді кәсіби түрде маманданып шықсам деймін.

Мамандық алуды мақсат тұтқан жандардың арасында өз қаражатын төлеп оқып жатқандар да кездеседі.



**Айтуар ОМАРОВ,
Арқалық қаласының тұрғыны:**


— Аспаздықты ұнатқаным үшін оқып жатырмын. Бұл мамандық негізі жақсы мамандық. Осы мамандықты оқып алғандар жаман болмайды. Бұрын техника жағында жұмыс істегенмін. Аспаздық мамандығына сұраныс мол. Алдағы күзде 60 жасқа толамын. Зейнеткерлікке шықсам да бұл мамандық маған қажет деп ойлаймын.

**Саяна ХАСЕНОВА,
Арқалық политехникалық колледжінің оқытушысы:**

— Колледжде көптен бері жұмыс істеп келемін. Оқу бітірген шәкірттерімді көру бір ғанибет. Алғыстарын айтып жатады. Жұмыс істеп жүргендерін көргенде ерекше сезімге бөленемін.

Арқалық қаласы.

**СУРЕТТЕРДЕ: мамандық алушылар.
Суреттерді түсірген автор.**



● ЖОЛДАУ: ӨСІМ, РЕФОРМА, ДАМУ

Сот-сараптамалық қызмет

Оның тиімділігін арттыру бағдарламада қарастырылған



Елбасының "Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ", "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол", сондай-ақ биылғы "Қазақстан жаңа жаһандық даму жолында: өсу, реформалар, даму" атты Жолдауларында айтылған міндеттер мен тапсырмалар ҚР Әділет министрлігінің сот сараптамалық орталығының да негізгі қызметтерін нақтылап, атқарылар істерді жеке-дара айқындап беруімен құнды. Осы құндылықтарды қолға алу үшін ең бастысы, ниет пен талап керек. Бұған қоса, бұл маңызды құжаттарда құқықтық реформа процесіне айтарлықтай серпін мен нақтылық беретін, құқық қорғау жүйесін жаңғыртудың арнаулы бағдарламасы негізінде құқық қорғау органдарын жүйелі түрде одан әрі реформалау міндеті де қойылған. Әсіресе, Елбасының биылғы Жолдауында да алдағы уақытқа бағытталған бастамаларды, сонымен қатар, елімізде орын алған кейбір мәселелерді шешу жолдарының қарастырылатыны ашық айтылған. Осы жылдан бастап, "100 нақты қадам" Ұлт Жоспарын іс жүзінде жүзеге асыру аясында қабылданған 59 заңның күшіне енуі де қоғам өмірінің даму тиімділігін айқындайтын бағалы бастама болғалы отыр. Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін

одан әрі жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы да адам құқығының бастау тұғырына айналып, негізгі орын алатын, әлемдік стандарттарға жауап беретін сенімді құқық қорғау жүйесінің құқықтық негізін қалайды. Сонымен қатар, бұл бағдарламада сот сараптамалық қызметті қамтамасыз етуді жетілдіру мәселелері де қарастырылған. Бағдарламаның мақсаты да елдің құқық қорғау жүйесін жаңарту арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін тиімді қорғау ғой. Сондықтан да, қоғамның құқық қорғау жүйесіне сенім деңгейін арттыру, құқық қорғау органдары мен сот-сараптама қызметі жұмысының тиімділігін арттыру – біздің басты мақсатымыз болып табылады.

2015 жылдан бастап сот-сараптамалық қызметтердің қатарына екі түрі қосылды, яғни сот-дінтанушылық және техногендік апаттар сараптамалары жеке сот сараптамасы түрі ретінде енгізілді. Сонымен бірге, былтыр "Сот-дінтанушылық сараптама негіздері" атты методикалық едістемелік құрал әзірленді.

Орталықтың негізгі қызметі еліміздегі барлық құқыққорғау органдарының қауіпсіздігі мен соттардың сараптама қорытындысына бағытталған. Сонымен, 2015 жылы Қостанай облысының сот-сараптамалық институтына құқыққорғау органдары мен соттардан барлығы 4052 сараптама түсіп, соның 3833-і орындалды. Оның ішінде, 3137 сараптама облыстық ішкі істер департаментінен, 279-ы мемлекеттік кірістер департаментінен, 194-і сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігінен, 134-і соттардан, 53-і ҰҚК-нен, 29-ы прокуратурадан, 2-і әскери-тергеу департаментінен, 2-і адвокатурадан түсті.

Қостанай облысы бойынша сот-сараптама институтында 30 сарапшылық мамандыққа зерттеу жүргізіледі:

1. Жазу мен қолтаңбалы сот-сараптамалық зерттеу;
2. Құжаттарды сот-техникалық зерттеу;
3. Сот-сараптамалық габитологиялық зерттеу;
- 4.5. Сот-сараптамалық бейнефонографиялық зерттеу;
6. Сот-сараптамалық трасологиялық зерттеу;
7. Сот-сараптамалық баллистикалық зерттеу;

8. Лакты бояу материалдарын, жабындар мен полимер материалдарын сот-сараптамалық зерттеу;

9. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу;

10. Сот сараптама зерттеу;

11. Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу;

12. Арнайы химиялық заттарды сот-сараптамалық зерттеу;

13. Жол-көлік оқиғасы жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу;

14. Сот-сараптамалық көлік-трассологиялық зерттеу;

15. Көлік құралдарын сот-сараптамалық зерттеу;

16. Шаруашылық операцияларын сот-сараптамалық зерттеу;

17. Сот-сараптамалық бухгалтерлік зерттеу;

18. Сот-сараптамалық қаржы-несиелік зерттеу;

19. Сот-сараптамалық қаржы-бюджеттік зерттеу;

20. Азық-түлік емес тауарларды сот-сараптамалық тауартану зерттеуі;

21. Азық-түлік тауарларын сот-сараптамалық тауартану зерттеуі;

22. Сот-сараптамалық автотауартану зерттеуі;

23. Сот-сараптамалық құрылыс-тауартану зерттеуі;

24. Аудиовизуальдық және бағдарламалық өнімді сот-сараптамалық тауартану зерттеуі;

25. Фимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-экономикалық зерттеу;

26. Фимараттар мен имараттарды сот-сараптамалық құрылыс-техникалық зерттеу;

27. Өрт жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу;

28. Жарылыс жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу;

29. Есірткі куралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды сот-сараптамалық зерттеу;

30. Сот-сараптамалық биологиялық зерттеу.

Төлөнді СӘРСЕНОВ,

Қостанай облысы бойынша сот-сараптама институты директорының орынбасары.

● КӘСІБҢ – НӘСІБҢ

Өз пайдаңа жарат!

**Айтолқын
АЙҚАДАМОВА**

Бірыңғай пайыздық субсидия және ішінара кепілдік бағытындағы "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы бойынша Қостанай облысында етті консервілеп, өңдейтін "Мирафуд" ЖШС іске қосылды.

"Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы бойынша кәсіпкерлерге пайыздық мөлшерлермені субсидиялау арқылы және кепілдікпен алуға болатынын білген соң компания директоры Мигран Мелконян Қостанай қаласының "Даму" қорына өтініш жасады. Толық кеңес алғаннан кейін қаржыландыру үшін қажетті құжаттарды жинауға шешім қабылданды. Кәсіпкерге "Сбербанк" АҚ-нан жылына 14%, оның 7% мемлекет субсидиялайтын, ал қалған жартысын кәсіпкердің өзі өтейтін несие берілді. Мемлекеттік жобаның жалпы құны 11 000 000 теңгені құрайды, оның 8 500 000 теңгесі етті өңдеу және консервілеуге қажетті құрал-жабдықтар сатып алу үшін, ал 2 500 000 теңге шикізат сатып алу үшін қажет. Сондай-ақ, компанияның кепілдігі жеткіліксіз болғандықтан, қордың 7 700 000 сомасына кепілдік беру туралы шешім қабылданды.

– Біздің компания осыдан екі



жыл бұрын құрылды. Кәсіпкерлікпен 15 жылдан бері айналысып келемін. 1996 жылдан бері ет саттым. 2004 жылдан бастап әйеліммен бірге "Бек" дүкенінде өз өнімдерімізді саттық. Тұрақты және етті көтермелеп сатумен айналысатын клиенттеріміз пайда болып, оның сыртында мемлекеттік тендерге де қатыса бастадық. Кейін отбасылық жағдаймен біз Арменияға көшіп, уақыт өте келе қайтадан қазақ еліне тұрақты тұруға оралып, енді ет өнімдерін өңдеу және сату үшін жеке өндірістік нысанды ұйымдастырудамыз. Көшенде етті бұзу және тазарту, маринадтау, ет өнімдерін салқындату, орау және сақтау цехтары, жылдам қызмет көрсететін асхана, бөлшектеп және көтермелеп сату дүкені жұмыс істейді, – дейді компания

директоры М.Альбертович.

Өндірістік жұмысты ұйымдастыру үшін кәсіпкер өз ісіне қажетті деген жоғары білікті кадрлар жинады. Қызметкерлер саны 16 адамнан тұрады. Олардың ішінде ет кескіш, өңдеуші, сатушы, тұшпара істеуші, есепші, директор сияқты мамандар бүгінде жұмыспен қамтылып отыр.

Шикізат Ақмола, Қостанай, Ақтөбе және Алматы облыстарына шығарылып, сатылады. Дүкен сөрелерінде ет өнімдерінің бәрі бар. "Мұның бәрі де мемлекеттік бағдарламаға қатысқанның арқасы. Осы істе қолдау көрсеткен "Даму" қорына алғысым мол. Өзгелер де мемлекет ұсынған осындай бастамаларды көделеріне жарата білсе дейсің", – деп ой бөлісті кәсіпкер.

МЕТАЛЛУРГ – нағыз ерлердің ісі

**Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ**

Қазақта "Еңбек етпесең елге өкпелеме, егін екпесең жерге өкпелеме" деген жақсы сөз бар. Бүгінде ерінбей еңбек етсең, кез келген мақсатың орындалары хақ. "ССКӨБ" АҚ жентек өндіру фабрикасының жас маманы Сауытбек Бисенбаев болашақта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтай биік белестерді бағындырсам дейді. Сондықтан да о бастан "Металлург" мамандығын таңдап, Рудный индустриялық институтына оқуға түседі. Өндірістік тәжірибені фабрикада өткен Сауытбек 2012 жылы қолына дипломын алып, ойланбастан кен алыбына агромератшының көмекшісі ретінде жұмысқа тұрады. Бүгінде ол аға өндіріс шеберінің міндетін атқарып жүр.

– Сауытбек жұмысқа келісімен өз ісіне ұқыпты, алғыр, болашағы зор маман ретінде көрсетті. Үнемі ізденіп, білімін жетілдіруге құлшынып жүреді. Мен оны 1-2 жылдан кейін одан да биік белестерден көретініме сенімдімін, – дейді күйдіру учаскесінің бастығы Виталий

Несмиянов.

Сауытбектің жұмыс күні қол астындағы жұмыскерлерге тапсырма беріп, еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізуден басталады. Одан кейін өндірістік үрдісті дұрыс ұйымдастырып, берілген тапсырмалардың орындалуын қадағалайды. Ең бастысы, жас жігіт басшылық пен өз ұжымы алдында жауапкершілікті сезінеді.

– Өндірістегі еңбек қауіпсіздігі – маңызды міндет. Ұжымдағы әрбір жұмыскердің өміріне жауап беремін. Жалпы, металлургияны нағыз ерлердің мамандығы деп санаймын. Себебі, ол төзімділікке, табандылыққа, тапқырлыққа үйретеді, – дейді Сауытбек.

Кейіпкеріміз фабриканың қоғамдық-мәдени және спорттық іс-шараларына да белсенді араласады. Бассейнде жүзіп, мамандығына байланысты әдебиеттерді оқытуды ұнатады. Өндіріс тірегі – білікті маман екені даусыз. Ұжымында абыройға бөленген жас жігіттің өндіріс дамуына қосар үлесі әлі алда деп ойлаймыз.

Рудный қаласы.

● БІЛІМ – МӘНГІЛІК ҚАЗЫНА

Тәрбиеші – оқу-тәрбие үрдісіндегі негізгі тұлға

Жас ұрпақ бойына тәрбиенің алғашқы негізін қалыптастыратын тәрбиеші адамгершілігі жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағдарлай алатын әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оны түсіндіре алатын болуы керек.

Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші – әдептілігі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін, ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртібі, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі де зор болады. Тәрбиешінің жеке басының үлгісі – жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістерінің бірі, өйткені, балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себептен де ол үнемі жинақы, таза, ұқыпты жүруге, сөйлеген сөзі мәнді, әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлейді.

Тәрбиешінің дүниеге көзқарасы табиғат пен қоғамның даму заңдарын терең түсініп, тұрақты болуы үшін ол өзінің білімін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Педагогтың алдыңғы қатарлы көзқарасы – оның іс-әрекетінен, принципінен, жүргізген оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістерінен көрініс табады. Сенім мен идеялық көзқарас – адамның қос қанаты, азаматтық айқындамасы.

Тәрбиешінің үнемі алға талпынып, жас ұрпақ тәрбиесіне белсенді араласып, балалар арасында беделді болуға міндетті. Оның адамға, балаға деген сүйіспеншілігі мол. Моральдық жағына биік болуы, мамандығын жақсы көруі шарт.

Қоғам дамуы мен адамның жеке басының дамуы бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғам адамды қаншалықты дәрежеде жетілдірсе, жетілген адам қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Материалдық және рухани байлық жасап, қоғамды дамытатын – адамдар. Ал, адамдарды соған дайындап, тәрбиелейтін ұстаздар. Олай болса, мұғалім – қоғам мен қоғамды, ғасыр мен ғасырды жалғастыратын буын. Тарихты жасайтын – халық, халықтың көзін ашып, көңілін оятаын, саяси қырағылыққа, сенімділікке, адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа, бауырмалдыққа, Отаншылдыққа, азаматтыққа баулитын тәрбиеші – ұстаз.

Қай кезде болса да, алдыңғы қатарлы ойшыл адамдар тәрбиеші еңбегін жоғары бағалап, оның қоғамдағы ролін құрметтеп, маңызды санаған. Бұл жөнінде К.Д.Ушинский: "... тәрбиеші өзін өткен мен болашақтың арасында тірі дәнекермін, шындық пен жақсылықтың күдіретті жауынгерімін деп біледі және ол өз ісін сырт қарағанда қарапайым екендігін, бірақ тарихтың ұлы істерінің бірі екендігін, бұл іспен көптеген ұрпақтар нәр алатынын түсінеді", – деп жазды.

Қорыта келгенде, тәрбиешіге педагогикалық байқампаздық, зейін, ақыл-ой, ерік-жігер, шыдамдылық, ұстамдылық, шыншылдық, ізденімпаздық қасиеттер қажет. Осы сияқты адамгершілік қасиеттерді берген тәрбиеші баланың әрі қарай дамуына әсерлі ықпал етіп, мінез-құлқында өшпес із қалдырады.

Зайгүл ХАСЕНОВА,
"Алпамыс" балабақшасының тәрбиешісі.

Арқалық қаласы.

Елдің болашағын тәрбиелеуші

"...Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға", – дейтұғын ұлы Абайдың өлең жолдарын шағын ғана Мәскеу ауылындағы Озерный негізгі мектебінің орыс сыныптарына қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Меруерт Есмақоваға қаратып айтуға болатындай. Олай дейтінім – ұлағатты ұстаз үнемі ізденіп, оқушыларға сапалы білім беру жолында аянбай еңбек етуден әсте жалыққан емес. Ол – ғұмырының 28 жылын мұғалімдікке арнаған өз ісінің маманы. Ұжым арасында ғана емес, тұтас ауылдың ішінде ерекше қадірі бар жанға айналған кісі. "Елдің болашағын тәрбиелеуші" деп осы салада жүрген әрбір маманға қаратып айтуға келер. Дей тұрғанмен өз ісіне қызмет деп қана қарамай, мұны ғұмырлық қағидасы деп есептеп кеткен мұғалима туралы мөлтек сөз қозғағымыз келеді. Өйткені, расымен де, қазақ тілі мен әдебиетінен орыс сыныптарына да, қазақ сыныптарына да бірдей сапалы дәріс беретін ұстаздар некен-саяқ болса керек.

Меруерт Нұрсалықызы 1961 жылы Қарабалық ауданының Өрнек ауылында дүниеге келген.

Берілі орта мектебін тәмамдап, кейін Қостанай гуманитарлық институтын "Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі" мамандығы бойынша аяқтаған. Еңбек жолын Подгородка ауылында өз мамандығы бойынша бастады. 1997 жылдан бері Озерный негізгі мектебінде табан аудармастан еңбек етіп келеді. Оның бай тәжірибесі де, уақыт талабына сай ізденістері де ізін басқан буынға өнеге болардай. Жоғарғы санаттағы мұғалім. "Сыни тұрғыдан ойлау - құзіретті дамыту жолы" әдістемелік тақырыбымен жұмыс жасап, орыс сыныптарындағы оқушылардың қазақ тілі сабағын ықласпен қабылдауы жолдарын ұдайы қарастырып отырады. Жаңа технологияларды пайдаланып, әр сабағын қызғылықты өткізеді. Жалпы, оның еңбегін, біліктілігін көптеген аудандық және облыстық сайыс ұйымдастырушылар да талай мәрте мойындаған. Жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсақ, "Кәсіби мектептің шебер мұғалімі" аудандық байқауында 1-орын, "Мұғалімнің кәсіби шеберлігі" облыстық сайысында 2-орынды жеңіп алды. Өзге де көптеген марапаттардың иегері. Ұстаздан



тәлім алған М.Залевская, Г.Акопьян, О.Никая сынды шәкірттері қазақ тілі пәнінен ылғи жүлделер алып келіп жүр.

Дегенмен, ол есептейтін жүлде – оқушыларының елеулі азаматқа айналғаны. Алдынан талай буынды өткізген мұғалима бүгіндері биіктерді бағындырған шәкірттерін үнемі мақтанышпен тілге тиек етіп, мерейі өсіп отырады. Ұстаздықтың басты бақыты, жемісі мен жеңісі осы болса керек! Әріптесімізге шығармашылық табыс тілеп, елдің болашағын тәрбиелеу жолындағы адал қызметі өз мәуесін бере берсін дегіміз келеді.

Балғынбек ЖҮСІПБЕКОВ,
Озерный негізгі мектебінің бастауыш сыныптар мұғалімі.
Қостанай ауданы.

Міржақып Дулатов мұралары

Осы тақырыпта алаш ардақтыларының бірі – Міржақып Дулатовтың мұраларын насихаттау мақсатында ғылыми конференция өтті. Конференцияны қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жетекшісі А.Балғазина Міржақып Дулатовтың өмірі мен шығармаларын, жалпы ғылымның қалыптасуына игі ықпалын тигізген ілімдерін мұғалімдердің тереңірек білу негізінде ұйымдастырды. Ең алдымен, "Міржақыптың елге оралуы" тақырыбында мектептегі мұражайдың жетекшісі С.Баймырза баяндама жасады. Онда ұлтымыздың мақтанышы болған Міржақып Дулатұлының өмір жолдары және оның мүрдесін туған жерге әкелудегі қызы Гүлнар апамыздың еңбектеріне тоқталды. Сол секілді әр әдістемелік бірлестіктерге таныстырылым жасауға тақырыптар берілді. Атап айтқанда, қазақ тілі мен әдебиет пәні бірлестік мүшелері "Ақынның алғашқы қадамдары, өмірі", шет тілдер пәні бірлестігі - "Міржақып аудармалары", математика пәні бойынша - "Тұңғыш қазақ математигі", тарихтан - "Міржақып саяси күрескер", жаратылыстану пәндер бірлестігі - "Міржақыптың ағартушылық қызметі", технология мен дене тәрбиесі пәндер бірлестігі "Міржақыптың ақындық шеберлігі", бастауыш сынып бірлестігі "Міржақыптың әңгімелері", мектепалды даярлық сынып бірлестігі "Ақынның жинақтары" тақырыптары бойынша

таныстырылымдарын қорғады. Әрбір тақырыпты қорғауда мұғалімдердің ізденіп, шығармашылықпен бірігіп жұмыс жасағандары байқалды. Әсіресе, математика пәні бірлестігі мүшесі, математика пәні мұғалімі А.Әбішева Міржақып атамиздың "Есеп құралдары" еңбегі, ондағы есептер туралы таныстырылымы үздік деп танылып I-орынды иеленді. Таныстырылым бойынша II-орынды бастауыш сынып бірлестігі мүшесі, тәжірибелі ұстаз Б.Әлім, III-орынды шет тілдер бірлестігі мүшесі Г.Қожахмет иемденді.

Конференцияның екінші бөлімінде әр бірлестік мүшелері Міржақып Дулатовтың шығармаларын жатқа мәнерлеп оқудан сынға түсті. Барлық мұғалімдер тапсырмаларын нақышына келтіре орындап шықты. Бұл сында I-орынды шет тілдер бірлестігінің мүшесі, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.Тупишова жеңіп алса, II-орынды жаратылыстану пәндер бірлестігінің мүшесі, география пәні мұғалімі Н.Бектауов, ал, III-орынды технология мен дене тәрбиесі пәндер бірлестігінің мүшесі, бейнелеу өнері пәні мұғалімі Д.Серіков жеңіп алды.

Майра ЖЕТПІСБАЙ,
М.Дулатов атындағы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.
Қызбел ауылы,
Жанкелдин ауданы.

Кешірім сұрап, алғыс айта білейік!

1-наурыз – Алғыс айту күнін барша қазақстандықтар тұңғыш рет атап өтті. Бұдан былай, жылда, көктемнің алғашқы күнінде қазақстандықтар бір-біріне алғыс айтып, кешірім сұрайтын болады.

Елбасының 14 қаңтардағы Жарлығына сай 1 наурыз – "Алғыс айту" күні болып бекітілгені мәлім. Күнтізбеге қосылған жаңа мерекені қазақ халқының қонақжайлылығына тағзым деп білген жөн. Мемлекет басшысы Қазақ-

стан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын мерекелеу кезінде түрлі этностарға қиын қыстау заманда қолдау білдіріп, бауырына басқан қазақ халқына алғыс айту күнін енгізу керектігін айтып, өз ойын ортаға салған болатын.

Иә, адамдар бір-біріне жасаған жақсылықтарды ұмытпауы тиіс. Сондықтан да, бұл ереккенің мәні мен мағынасы терең. Ол алғыс айтумен ғана шектелмейді. Отандастарымыз рақым айту күнінде бір-бірінен кешірім сұрап және екпелерін таркатады. Осындай мақсатта Шолақсай орта мектебінде "Алғыс айта білейік" деген атпен арнайы іс-шара ұйымдастырған едік. 1-11 сыныптан бастап, оқушылар түгел қатынасты. Өзім әлеуметтік педагог қызметін атқаратын болғандықтан, бұл мерекенің мен үшін де маңызы ерекше. Тәрбиелеп отырған ата-аналарына, ұстаздарына, туған жеріне деген алғыс-

тарын білдіру үшін оқушылар тіпті, өз жырларынан да шашу шашты. 8 сынып оқушысы Фазылов Айбек әжесіне өз өлеңін арнаса, 10 сынып оқушысы Маканова Айдананың әжесіне шығарған өлеңіне отырған жұрт елігіп, көз жастарына ерік берді. Жексембаева Дариға әжесіне арнап ән салды. Оқушылардың көбінің әжелеріне айтар алғыстарының шексіз екендігін біз осы мерекеден көрдік. Кішкентай қос бүлдіршін Инесса мен Елизавета да аналарына арналған тақпақтарын өте тартымды жеткізе білді.

Осы күні ән де шырқалды би де биленді. Мереке маңызды

болды. Ата-аналар да алғыстарын жаудырды. Лайым, елімізде тыныштық болып, мерекелеріміз көп болсын! Алда келе жатқан Ұлыстың Ұлы күні де елімізге, әр отбасына тек жақсылықтар әкелсін! Наурыз мейрамы құтты болсын!

Алтын БАЯХМЕТОВА,
Шолақсай орта мектебінің әлеуметтік педагогы.
Науырзым ауданы.

НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА



лыс күні мешітке шақырту алды. Бұл жолы балғындар мешіттің ішкі құрылысымен танысып, мешіттің әр мұсылман адамына деген рөлі туралы естіді. Осы жерде балалар қол жайып, аруақтарға құран бағыштады. Балаларға деп ақ дастархан жаюлы еді. Балаларға музыкалық аспаппен «Ионика» аппаратурасы сыйға тартылды. Әр бала Шоқан қажыға және мешіт ұжымына өз алғыстарын білдіріп жатты.

Жүздері бал-бұл жанған бұл-

РИЗАШЫЛЫҚ пен АҚ АЛҒЫС

Қостанай қалалық мешітінің бас имамы Шоқан қажы Қостанай облыстық балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан қазақ тобының тәрбиеленуші балаларына арнайы келді. Балалармен дөңгелек үстел басына отырып, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілік, сыпайылық қарым-қатынас, әдептілік, кішіпейілділік, ізеттілік туралы уағыз әңгімелер айтты.

– Әуелі, ата-ананды, сендерді тәрбиелеп жатқан ұстаз-тәрбиешілерді құрметтеп, қайырымды, мейірімді, еңбекшіл болуды ұмытпандар, – деді Шоқан қажы. Мұндай тәрбиелік маңызы зор отырыстардың тәрбиеленуші балаларға әсері өте мол. Адамзат өмірінде дініміздің алатын орны мен қазақ халқының салт-дәстүрінің Ислам дінімен үнде-



суі турасында уағыс-насихат әр кездескен сайын үнемі айтылып келеді.

Қонақтар балғындарға ойыншықтар мен тәтті тағамдар сыйлады. Игі шара әрі қарай жалғасын тауып, балалар дема-

діршіндердің өздеріне көрсетілген құрмет пен сый-сияпатқа ерекше риза болды.

А.ӘБДІЛДӘ.

СУРЕТТЕ: жас жеткіншектер қалалалық мешітте.

Ел тірегі – жас ұлан

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде «Біз, еліміздің – жас патриоттары» атты әскери патриоттық апталық салтанаты болып өтті. Салтанатты жиында әр бөлімше командирлері рота командиріне рапорт беріп, мемлекеттік Әнұран ойналды. Мектеп оқушылары Аманкелді аудандық қорғаныс бөлімінің орынбасары лейтенант Ернұр Ерхатұлы құттықтап, оқушыларға оқуда жақсы нәтижелерге жетіп, өткелі отырған әскери патриоттық апталықта жақсы дайындықпен жоғары биіктерден көріне берулеріне тілектестігін білдірді. 10-сынып оқушысы Жұлдыз Иса патриоттық өлеңін оқыса, 8-сынып оқушысы Асылжан Өміржан «Қазақстан» әнін орындап, көрермендер көңілінен шықты. Мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы К.Мақатов апта бойы өтілетін іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Алғашқы күні Қазақстан республикасының рәміздері туралы тарихи альманахтан басталса, қалған күндері оқушылар спорттық жарыстармен патриоттық әндерден жарысқа түсіп, саптық жүрістерден және жас жол инспекторларымен бірге, туристік сайыстардан сынақтан өтеді. Содан соң «Қазақстан Республикасының Рәміздері» туралы тарихи альманахтың қойылымын 6 «б» сыныбы мектеп оқушылары мен ұстаздарына ұсынды. Тарихи альманахтың негізгі мақсаты – оқушыларды Отан сүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тарихын білуге тәрбиелеу болып табылады. Сынып оқушылары республикамыздың рәміздер тарихын екі тілде көрермендерге жеткізе отырып, еліміздің Туына, Елтаңбасына және Әнұранына жеке-жеке тоқталып өтті. Қойылымда Әнұранмен қатар патриоттық әндер де орындалды. Жақсы өткізілген тарихи альманах қойылымына



сынып жетекшісі Әминә Сүлейменованың ұйымдастыра білген еңбегі айтарлықтай. «Рәміздерім – мақтанышым» атты тарихи альманах қойылымы өз дәрежесінде өтті. Ал, 6-10 сыныптар арасында патриоттық әндер сайысы өтті. Оқушылар жақсы дайындықтарымен келіп, өз өнерлерін ортаға

салды. Асылжан Өміржанның, Дастан Қожахметовтың салған әндері және Ақбілек Аманбаева мен Ақбаян Сайлаудың дуэті көрермендердің көңілінен шықты. Әділ қазылардың шешімімен Ф.Оразбаева, Д.Әбдіқасымова және М.Ағыбаевалар жүлделі орындардан көрінді. «Жас жол – инспекторлар» сайысы 5-8 сыныптар арасында өтіп, оған 11 команда қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Әскери саптық жүрістің салтанатты ашылуында аудандық қорғаныс бөлімінің орынбасары лейтенант Ернұр Ерхатұлы рапорт қабылдап, оқушыларға жарыста сәттілік тіледі. Әскери саптық жүрісінде 3-орынды 6 «б» сыныбы иеленсе, 2-орынды 7 «в» сыныбы, ал, 1-орынды 8 «а» сыныбы жеңіп алды. Командирлер арасында 5 «в» сыныбының оқушысы А.Сейдеғалиев өз отрядын алып жүруде және рапорт беруде үздік деп танылып, дипломмен және заттай сыйлықпен марапатталды. Жол ережесін сақтаудың реттеушілер сайысында 3-орынды 7 «в» сыныбы, 2-орынды 7 «б» сыныбы және 1-орынды 8 «а» сыныптары иеленді. Оқушылар туризм сайысында «Алғашқы медициналық көмектен», «Компаспен» жүруден, «Топография» жарысы мен «Туристік жіпті байлау» және «Кедергілерден өту» сияқты әртүрлі сайыстардан сынаққа түсті. Жарыста 3-орынды 5 «б» және 6 «а» сыныптары бөліссе, 2-орынды 6 «б» сыныбы иеленді. 1-орынды өте жақсы дайындықпен келген 8 «а» сыныбы ұтып алды. Жарыс жүлдегерлері дипломмен және заттай сыйлықтармен марапатталды.

Әнет ЖҰМАБЕК.

Аманкелді ауданы.



«Әжелер»

ансамбліне – 10 жыл

Белгілі ғалым Шоқан Уәлихановты тудырған киелі Күнтімес ауылында шағын ғана клуб бар. Онда әжелерден құралған ансамбліге биыл 10 жыл толды.

Яғни, «Әжелер» ансамблі осыдан он жыл бұрын жұмысын бастады. Бүгінде оның құрамында бес адам. Жетекшісі – Айман Әбішева. Олар көбінесе халық әндерін орындайды. Қазір репертуарларында 20-дан аса ән бар.

Күнтімес ауылында өткен әр мереке сайын ауыл жұртын, әсіресе, ұлттық жауһарды аңсаған үлкендердің көңілін серпілтіп, әнмен әлдилеп келеді. Сондай-ақ, басты мейрамдарда аудандық сахнаға да шығып, сарыкөлдiктердi өнерлерiмен сүйсiнтiп жүр.

Айта кеткен жөн, әжелердің ең үлкені – Күлбаршын Рахменова зейнет жасында болса, ең кішісі – Ажар Шыныбекова жақында елуге толады. Ал, Қаламқас Бөлекбаева, Нұрғайша Ахметова, Зайгүл Сайдалиналар түйедей құрдас, биыл зейнетке шықпақ. Бәрі де бала өсіріп, немере сүйген жандар.

Мінеки, жас кезінде өмірге ұрпақ әкелсе, ал енді оларды жеткізген шақта өнерге ұмтылып, бір өңірдің ілтипатына бөленіп жүр.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

СУРЕТТЕ: «Әжелер» ансамблі.

«Еелде менің келіншек кезім»



Міне, осындай атаумен Үрпек ауылдық округінде ауылдық кітапхана және клуб меңгерушісінің ұйымдастырумен кездесу кеші өтті. Шараның мақсаты – қазақтың ибалы келінін тәрбиелеп отырған апаларымызды, ежелерді оқырман қауымға насихаттау. Апалардың тәрбиелік мәні бар әңгімесі арқылы келіндерге ой салу. Кеш қонақтарын ауыл әкімшілігінің бас маманы Зейін Бабағұлов мерекемен арнайы құттықтап, сый-сияпат жасады.

Қазақ әу бастан, келін деген атауды киелі санап, ұрпақ жалғастырушы ретінде мақтаныш санаған. Қазақ келіндерінің әдепті, ізетті, салмақты, инабатты болғанын көпшілік қалайды. Несін жасырамыз, ертеден сақталған, қанға сіңген ата дәстүрлеріміз бірте-бірте көмескіленіп, тіпті, кей жерлерде ұмытылып бара жатқанын мойындауымыз керек. Дегенмен, ауылды жерлерде келіндеріне, дүйім ауылға үлгі-өнеге болып жүрген апаларымыз бен әжелеріміз баршылық. Міне, сондай кісілерді біз жас келіндерге, қыз-келіндерге үлгі ретінде қонаққа шақырдық. Соғыс ардагерінің жесірі, қазір қолында екі келіні бар, немере, шөбере сүйіп отырған Қазікүл апа Адрешова, бүгінде 13 баланың анасы, немере, шөбере сүйіп отырған апа Күмісай Нұрғалиева, 10 баланың анасы, келін тәрбиелеп отырған ене, немерелеріне әже Бөпетай Қанапина, сондай-ақ, Күлтай Қанапина, Несібелді Байзақова апаларымыз өздерінің келін боп түскен уақыттарын, көрген қиыншылығын, қызықты оқиғаларын оқырман қауымға әңгімелеп берді. Кездесуге жиналғандар да көпті көрген аналарымызға көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, тұщымды жауап алды. Біз де апаларымыздың әңгімесін тыңдап, біраз көңілімізге ой түйдік.

Кеш соңында әжелер ақ тілектерін білдіріп, алғыс айтты. Апаларға сыйлықтар тапсырылып, қатысқандары үшін алғыс хат тапсырылды.

Майраш НҮРЖАНОВА,
кітапханашы.

Үрпек ауылы,
Аманкелді ауданы.

● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Бас Қолбасшыдан алғыс алған сарбаз

«Мен өз тірлігімде заманның зор айқасында адамзат бақыты үшін азаттық қаруын асынғандығыма бақытты сияқтымын».

Иоганнес БЕХЕР.

Бұл күндері Ұлы Отан соғысының отты жылдарына қатысты айтылатын «Ешкім де, ештеңе де ұмытылған жоқ» – деген ұранымыздың маңызы уақыт өткен сайын артпаса, кеміп отырмағаны анық. Кейде бір мезгіл қазір өмірден озған қадірлі ардагерлеріміздің батыр бейнелерін елестетіп, ойға алып, артта қалған ұрпақтарынан рухтарына тағзым етпейтіні кемде кем шығар. Дүркіреп, дауылдай соққан соғыстың өткеніне де жетпіс бір жылдың шамасы болды, сол кезді уақыттың қыран ұшқан биігінен шолатын болсақ, сұрапыл күндердің басты кейіпкерлері болған қаһарман сарбаздар бейнелерінен нағыз батырлардың кейпін көріп, шынымен қайран қалып, сол кісілерге кезінде қатысты болып, жақын жүргенінді мақтан тұтып, марқайып қаласың... Мен үшін сондай асыл бейнелердің бірі – лейтенант, зеңбірекші Шомақ Жиенбаев болып табылады.

Осы кісіні ойға алып, өмірлік жолына шолу жасағанда Рим тарихшыларының бабаларымыз ғұндарға берген мінездемесі еске түседі. «Олар – соғыста ыстық-суыққа төзімді ержүрек; ал жәй уақытта қолда барын қанағат тұтатын қарапайым» – деген сипаттамаларын ойға оралтқанда, ұрпақ дағдысының сабақтастығына таң қаласың. Ал, көрнекті кеңес жазушысы Илья Эренбург «Қазақтар» атты очеркінде «Бір фриц маған: Біз жойқын күші бар қаһарман солдаттармен беттестік, оларды алған бетінен тіпті, ешқандай оқ та, өрт те тоқтата алмады, олар тура бізге қарай дауылдай дүркіреп жүгіріп келе жатты. Мен бұлардың қазақ деген халық екенін естіп, таң қалдым» – деген сөздерін жазғаны бар еді. Шындығы сол, соғыста Шомақ – батыр, дұшпа-

нымен егесте тайсалмайтын, соғыстың алғашқы жылдарынан соңына дейін болған, майданда жұлдызы жанған, жалаң қылыштай өткір жауынгер болса, бейбіт күндері ағайын көңілін жықпас, ешкімге қатты сөз айтпас, діндар атасы Ораз қажы өз отбасында тәрбиелеп, қалыптастырып кеткен, қашанда тағдырдың сынға жіберген ризығына тәуба қылып, барға қанағат қылуды үйреткен тәуекелділігі (құдайға салғандығы) мен ілтипатты кішіпейілділігі өмір бойы айнымас мінезі болды десек, осы сөзді бұл кісіні көрген-білген адамдар бүгінде артынан артық айтылған сөз деп айтпас.

Шомақ ағаны еске алғанда, көңілге қонақтар бір жәй – оның кешегі ат ауыздықпен су ішіп, ер етігімен су кешкен тар заманда ел азаттығы үшін бабалар салған ата жолды қуып Ұлы Отан соғысы деген үлкен дүбірге қатысқанда арды ту еткен ардагер Аманкелдінің жерлесі деген атқа кір келтірмей, ел бостандығы мен азаттығы үшін алысқан сарбаздардың ерлігін үлгі тұтуы. Витебск қаласын азат ету тұсындағы қиян-кескін ұрыста Шомақ зеңбірек взводының командирі еді. Осы шайқастағы ерлігі үшін ол келесі мәтіндегі алғыс қағазын алады:

«Витебск үшін ұрыстардың батыры; сенің даңқың арта берсін! Гвардия лейтенанты Жиенбаев Шомақ!

Немістердің қорғаныс шебін бұзып өтудегі және Витебск қаласын алудағы аса үздік жауынгерлік қимылдары үшін Жоғарғы Бас қолбасшы, Кеңес Одағының Маршалы И.В.Сталин жолдас өзінің 1944 жылы 24 маусымдағы және 1944 жылы 26 маусымдағы бұйрықтарымен саған алғыс жариялайды.

Бөлім командирі подполковник Поршнев» – делінген. Жауынгерлік жорық ба-



тысқа жылжыған сайын алғыс алу мұнымен шектелмеген. Германияның Шығыс Пруссиядағы тіректі бекіністері – Бартен, Раценбург, Дренбург, Райн, Ландсберг, Бартенштейн қалаларын алудағы үздік жауынгерлік қимылдары үшін Шомақ Жиенбаев тағы да Жоғарғы Бас қолбасшының алғысына ие болды. Жауынгер қазақ жігіті лейтенант Шомақ Кенигсберг қаласын шабуылмен басып алушылардың басты тұлғаларының бірі болды. Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының 1945 жылғы 9 маусымдағы Жарлығы бойынша Шомақ Жиенбаев «Кенигсбергті алғаны үшін» медалімен марапатталады.

– Бұлар менің жорық жолымның айғақтары, – дейтін ол қастерлеп сақтап отырған алғыс қағаздары мен төсбелгілерін аялап сипап қойып. Шомақ аға сол алғыс қағаздарына қарап отырып, төрде ілулі тұрған кілемін соғыс картасы қылып аласапыран айқастардың сырын шертетін.

Бастан өткен сан қилы оқиғаларын баяндағанда ер-

лік шежіресінен орын алған мына бір оқиғасы әсіресе қызық. Шығыс Пруссияның Мазур көлдері ауданындағы кескілескен ұрыста Шомақ 13 фашисті тұтқынға түсіреді. Ішінде бір обер-лейтенант бар екен. Осы ерлігі үшін ол «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады... Бұл хабар елге жете сала сол кездегі аудандық «Социалистік шаруа» газетінің тілшісі Т.Қараманов «Туысқандық тапсырма» атты өлең жазады:

Бөлімнен хат алдым,
Қуандым, шаттандым,
Ағажан майданда
Сен батыр атандың.
Орденің сол үшін,
Фрицтің он үшін,
Тұтқынға ап көрсеттің
Батырлық үлгісін.
Белінді бекем бу,
Өлтіре жауды қу,
Жеңіспен елге қайт
Берлинге тігіп ту.

Бұл өлең 1945 жылы 28 сәуірде Қостанай облыстық «Большевиктік жол» (бүгінгі «Қостанай таңы») газетінде де басылып шыққан. Осындай ерліктері үшін Шомақ Жиенбаев екінші дәрежелі «Отан

соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерін, бірнеше медальдар тағып, салтанатпен елге оралды.

Соғыстан кейінгі жылдарда Шомақ аға әр күннің парағына ерлік еңбегінің шежіресін жазған ел ағасы болды. Еңбек жолының көп жылдарын Аманкелді аудандық атқару комитетінің қызметкері болып және басқа да басқару органдарында жұмыс істеді. Туған жердің түлеуіне қосқан үлесі – тыңда тұрғызылған тұтастай шаруашылықтар, тұрғын үйлер мен өсем де зәулім сарайлар, тас жолдар мен бөгеттер, төскейге сыймаған мыңғырған төрт түлік жайлаған сайын дала суретінде Шомақ сияқты аға ұрпақтың аянбай төккен терінің іздері сайрап жатыр. Ел игілігін тасытуда еңбегі мен адалдығы арқасында ел құрметіне бөленген Шомақ аға болашақ үшін аянбай терін төкті, тәуелсіздікпен келген шалқар шаттығымызды жақындатуға аянбай еңбек етті. Сабырлығынан айны қоймайтынын ағаның жыл сайынға аудан орталығында Жеңіс мейрамы құрметіне өткізілетін шеруде ардагерлер сапында тұрып бір сәтке сол отты жылдардағы қаһармандық кезеңге қайта оралғандай болып, қаршығдай қомданып, қолын шекесіне қойып әскери ізет беріп тұра қалатын кейіпі әлі күнге есімде.

Тәуелсіздікпен келген бүгінгі күннің нұрлы өмірі кешегі зор майданның еңірген ерлерінің ерліктері мен еңбектерінің ескерткіші іспетті. Бүгінгі алаңсыз күнде өсіп келе жатқан ұрпақ – өмірден озған кешегі батырларды еске алып, рухтарына тағзым етіп жатса, ұрпақтар үлгертер жасампаздық істердің сабақтасығы үзілмесі анық.

Иса ЫДЫРЫСОВ.

Глазунов ауылы.
Қостанай ауданы.

СУРЕТТЕ: Жиенбаев Шомақ (сол жақта) немере ағасы Байзақ пен қарындасы Сейткамалова Розамен бірге.

● ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Еске алу — парызымыз

Өз қызметтік міндеттерін орындау барысында қаза болғандардың отбасымен кездесу – бұл көп жылдан бері келе жатқан дәстүр. Жыл бойына облыстық төтенше жағдайлар департаменті ТЖД өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің қызметкерлері барлық мерекелермен және жеке күндерге арнап сыйлықтар дайындайды, ал басшылық қаза болғандардың отбасына материалдық көмек бөледі.

Өрине әке мен баланы, ешқандайда қамқорлық өзгерте алмайды, бірақта біз мүмкіндігінше ауыр қайғының жарасын жеңілдетпекпіз. Мысалы, біздің қамқорлығымызда қызметтік міндетін орындау барысында қаза болған Сәбит Нұрбаевтың ұлы Диас бар. Жасөспірім он бес

жасқа толды. Ол он бір жылдан бері әкесіз өсіп келеді. Осы жылдар ішінде біздің әріптестер Диаспен қарым-қатынасты үзбей келеді. Диас Нұрбаевтың сыныптастарына бірнеше рет өрт сөндіру бөліміне шақырып, оның әкесінің ерлігі туралы әңгімелеп, ашық сабақтар өткізді. Жасөспірім өзінің туған күнінде, әкесінің әріптестерінен сыйлық алады. Көп ұзамай Диасқа мамандық пен өзінің болашақ өмірін таңдау қажет болып тұр. Өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері оған жоғары білімді алуға, сосын жақсы жұмыс табуға жол сілтеп отыр. Батырдың баласына Ішкі істер министрлігі төтенше жағдайлар комитеті Көкшетау техникалық институтына түсуге ұсыныс жасалды.

– Одан басқа, қызметтік міндеттерін

орындау барысында қаза болған өрт сөндірушілердің құрметіне орай мемлекеттік қорғау қызметкерлерінің арасында – футболдан, волейболдан, баскетболдан турнирлар өткізіледі. Ал төтенше жағдайлар күні – 19 қазанда – №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде дәстүрлі ашық есік күні өткізіліп, бөлім аумағында орнатылған қаза болған қызметкерлер ескерткішіне келушілер гүл шоқтарын қояды. Қатарымызда жоқ қаһармандардың – әйелдері, балалары, туыстары – біздің құрметті қонағымыз. Өрт сөндіру бөлімі қаза болған өрт сөндірушілердің отбасы мүшелерімен байланысты қатаң қадағалап, олардың тағдырларын бақылауда ұстап, көмектеседі. Айдар, Талғат Жантасовтың баласы, Астанада тұрады өз отбасын құруды ойлас-

тырып жүр. Ринат Ашубаевтың әжесі Ресей Федерациясындағы Челябинск қаласында тұрады, – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

Өз өмірлерін қиғандар – төртеу. Өкінішке қарай қаза болғандардың қатары жыл сайын көбейіп барады. 2015 жылдың 9 қарашасында Жітіқара қаласы қарауыл басшысы Мақсұт Иманбаев қаза болды. Жерлеу күні көптеген адамдар отбасының қайғысына ортақтасып, қолдау көрсетті. Азаль күні Мақсұттың әріптестері, Астанадан ҚР ІІМ төтенше жағдайлар комитетінің өкілдері келді. Бүгінде жергілікті атқару органдарымен бірлесіп Мақсұттың отбасына бір бөлмелі пәтер Бөлу туралы мәселе өз шешімін тапты. Қаза болған қызметкерлердің туыстары, қызмет барысында қаза болғандарды ұмытпай әріптестерінің көрсеткен көңілдеріне ризашылықтарын білдірді.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

● ДЕНСАУЛЫҚ

ТАМАҚТЫ ТАЛҒАП ТҰТЫНАЙЫҚ

немесе жасанды азықтың ағзаға әсері қандай?



Тұқымының тектілігін ойлаған жолбарыстың еркегі шағылысар алдында екі ай бұрын тамақты таңдап, талғап жеп, судың тұнығын ғана ішіп, таза тұрып, таза жатады екен.

(Өмірлік тәжірибе)

Біз өмір сүру үшін тамақ ішсек те, тамақ ішу үшін өмір сүрсек те тамақтың таза, адал, табиғи болғанын қалаймыз. Дегенмен, соңғы кезде табиғи таза тамақ табу ғасырымыздың маңызды мәселесіне айналуға. Таза тамақ жеп-ішпеген адамның ойы да, бойы да таза болмайтындығын ғалымдар тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Әлемде «Халал» стандартының маңызы арта түскендігі осы жағдайларды аңғартса керек.

ұнтақтарын әкеліп өсіріліп жатқан құсқа береді, басқа жармаларға қосады. Қандастарының етін жеген (каннибал) тірі құс араларында жүрген біреуі жарақаттанып бір жерінен қан ақса, сол құсты бәрі жапа-тармағай жабылып жеп қояды екен. Осы мысалдан кейін баласы әкесін, інісі ағасын жалпы адам адамды ұрып-соғып, зорлап, өлтіріп, пышақтап, өлі денесін шауып кесек-кесек қылып әр жерге шашып тастау, сәбилерінен бас тарту себептерінің бір ұшы осы жеп-ішіп отырған тамақ құрамында емес пе екен деген ой туындайды.

Гендік модификаттаудың тағы бір сұмдығы: гендік будандастырылған өнімдер бірекі ұрпақтан кейін тұқым беруін тоқтатады. Гендік модификатталған картоп бір жылдан кейін тұқым бермей қойған. Тышқандармен жасаған тәжірибеде де осындай нәтиже алынған. Бұдан біз бүкіл ұлтқа төніп тұрған қауіпті түсінеміз.

Шығынды аз шығарып көп ақша табудың жолына түсіп пайдаға құныққандар тұрғындардың денсаулығына пысырмайды да.

Еттің орнына соя, сүттің орнына сүт ұнтағын ерітіп тағы сол сияқты неше түрлі пәлекеттерді ойлап тауып әртүрлі өнімдерді өндіріп тұтынушыларды «қарқ» қылады. Солардың бірі – шұжық. Жалпы өз басым колбасаны шұжық деп атауға қарсымын (шұжық біздің ұлттық тағам ғой). Дегенмен, терминкомның бекіткені осы, сөйтіп колбасаның құрамына қарасаңыз еттен басқаның бәрі бар. Химиялық қоспалар колбасадағы еттің орнына салынады немесе ет құрамын көбейтеді. Мысалы 100 кг етке 400 г химиялық қоспа қосса еттің көлемі 10 пайызға көбейтуге болады екен. Бұл қоспалардың ішінде канцерогенді заттар болса тіпті қауіпті, оны көп тұтынған адам «қылтамақ» ауруына шалдығуы мүмкін. Бұрынғы технология бойынша кеуіп қалмау үшін колбасаның барлық түріне шошқа майы қосылатын. Ал, қазіргі өнімдер өндіру технологиясында шошқаның жүрмейтін жері жоқ. Тіпті кондитер өнімдерінің (көмпит, шоколад, печенье және т.б.) құрамына да енгізіледі. Өндірісте қолданылатын қант тез қатады, көмпит тез кеуіп қатпау үшін оның

құрамына шошқа майы қосылады. Тіпті, сабын, тіс пастасы, майонез, маргарин құрамдарына да харам май қосылады.

Бұл мақаланы оқып отырып, сонда біз не жеп-ішуіміз қажет деген ой оралуы әбден мүмкін. Адал ас – ауылда. Ауылға бетімізді бұруымыз керек. Май-қаймақ, құрт-ірімшік, қазы-қарта, шұжық пен пешке пісірілген нанымызбен қайта табысқанымыз дұрыс. Бәріміз ауылға бара алмайтынымыз белгілі. Ауылдың тамағын қалаға көптеп әкелуге жол ашу керек. Жылтыраған сыртына қызықпай шетелдік тамақты емес, өзіміздің отандық өнімдердің сапасы сан есе артық екенін түсінгеніміз абзал. Шет елден келетін өнімдер 100 пайызға қоспа қосылып дайындалған. Өйткені айлап, жылдап тұрса да бүлінбейді. Бүлінбейді демекші, химия қоспаларынан тұратын тамақты көп жеген адамның денесі өлгеннен кейін де бүлінбейді екен. Жақында Швейцарияда 30 жыл бұрын жерленген адамдардың мүрдeleri бұзылмай сол күйінде сақталғандығы анықталды.

Жасанды тамақ ағзаны да жасанды қыла бастады. Қой етін жеп қой мінезділіктен, жылқы етін жеп жылқы мінезді бола бастаған шағымызда жасанды тамақ қаулап барады. **Екі шоқып бір қарайтын сауысқаннан да сақ болып тамағымызды табайық. Ол тамақ – «Қазақстанда жасалған» деп аталады.**

Мұхтар СИБАНБАЕВ, «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ Қостанай филиалының жетекші маманы.

СУРЕТТЕ: М.Сибенбаев.

Апат айтып келмейді

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Ауа-райы күн сайын жылынып келе жатқанымен, мұз үстіндегі балықшылар қарасының азайғаны байқалмайды. Алайда, мұздың қалыңдығы барлық жерде бірдей болмауы мүмкін. Құтқарушылар сақтық шараларын ұмытпауды ескертеді.

Қыс бойы жауған қардың бауыры сөгіліп, бабымен еріп жатыр. Бірақ, Тобыл өзеніне қатқан мұз әлі де қалың деп сендіреді балықшылар. Соған сай, балық аулауларын әлі де тоқтатар емес. Ал, суда құтқару қызметі өкілдерінің пікірлері мүлдем басқа. Өзірге қатқан мұз адам салмағын көтереді. Бірақ, солай екен деп алаңсыз жүруге тағы болмайды. Себебі, апат деген айтып келмейді. Құтқарушылар қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында жиі рейдтер жүргізіп тұрады. Бірақ, кейбіреулер ережені ескере бермейді екен. Сондықтан құтқарушылар қазір мұз үстінде жүру қауіпті екенін ескертіп, сақтық шараларын естен шығармаған жөн дейді.

Аурудың алдын алған абзал

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен 24 наурызда туберкулез ауруының алдын алу мақсатында жоспарлы түрде жыл сайын айлық өтіп, профилактикалық түсінік жұмыстары жүргізіліп келеді.

Осы мақсатта аудандық аурухананың фтизиатр дәрігері Әлімбай Жаулыбаев әкімдіктің кіші мәжіліс залында мемлекеттік мекеме, кәсіпорын қызметкерлерімен кездесіп, лекция оқыды.

– «Аталмыш аурудың белгілері біліне бастағанда арнайы мамандардың көмегіне жүгінуді естен шығармау керек. Жыл сайын өкпені флюорографиялық тексеруден өткізіп отырған ләзім. Адамның туберкулезді екінші адамнан жұқтыратынын білуі маңызды, ереже бойынша



ауруы белсенді формада жүрген адаммен ұзақ уақыт қарым-қатынаста болғанда туберкулез жұғады. Туберкулез ауруы емделеді, өйткені, оның микробактериясына қарсы әсер ететін дәрі бар. Туберкулез неғұрлым ерте анықталса – емдеу

нәтижесі де соғұрлым сәтті болады», – дейді Әлімбай Жақсымбекұлы.

Аты жаман ауруға шалдығатындардың көбісі балалар, қарттар, денсаулығы әлсіз адамдар, қант диабетімен ауыратындар, стероидты қабылдайтын-

дар, иммундық жүйені әлсіздендіретін дәрі-дәрмектерді қолданатындар, иммунодефицит вирусын таситын және алкоголь мен нашақорлыққа салынған адамдар. Біздің аудан бойынша туберкулез ауруымен ауратындар саны 262 адам. Оның 200-і жұқпалы ауруға шалдыққандар, 30 адам туберкулездің белсенді түрімен, ал 32 белсенді емес түрімен ауыратындар. Жұқпалы дертке шалдыққандардың дені Ақшығанақ пен Жаркөл ауылдық округтерінің тұрғындары. Оларға қазіргі таңда ем шаралары жүргізіліп, тиісті дәрі-дәрмектер уақытылы жеткізіліп отырады.

Сондықтан «Ауырып ем іздегенше – ауырмаудың жолын іздейік».

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ. Жанкелдин ауданы.

● АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

Оқырмандарымыздың есінде болар, соңғы жылдары газетімізде өткен ғасырдың мың құбылған қатыгез заманында діни құндылықтарды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге бар күш-қайратын жұмсаған айтулы дін қайраткері, Алланың ақ жолымен жүріп өткен жан – Аймұхаммед (Аймағанбет) Спанұлы (1900-1984-ж) хақында материалдар жарық көріп келеді. Бірақ тарих қойнауынан елі үшін табандап тер төккен осы бір абзал жан туралы айғақ деректердің бізге жеткендері әлі де шамалы. Әйтсе де, оқырмандар поштасына дін ақтаңгері туралы түрлі ақпаратты айғақтар мен естелік жазбалар келіп түсуде. Біз қалың оқушының талап-тілегіне орай, бұдан былай солардың құнды дегендерін оқырманға ұсынып отыратын боламыз.

РЕДАКЦИЯ.

Айекеңнің ақ жолы

Науырым, Сыпсыңдағы Үмбетейлер ішінде Атанбай, Мыңбай ауылдары дәулеттері шағын болғанымен, мешіт ұстап, балаларын ескіше молдадан оқытқан, аяқ жетер жердегі арғын-қыпшаққа ықпалды әулеттер еді. Көп кешікпей, оқыған балалар арасынан атақты молдалар шыға бастады. Атап айтсақ, Мыңбай баласы Бейіс дамолла дәрежесіне жетіп, 1914-1919 жылдары Торғай өңіріндегі 41 мешіттің Бас қазысы – қазірет атанған. Оның інісі Мырза да ишан деңгейіне көтеріліп, мешіт ұстаған. Спан атамыздың ұл-қыздары Дыбыс, Жақыпбек пен Аймұхаммед осы кісінің шәкірттері.

Сонымен, Ақкөлде туып, Сыпсыңды жайлаған дәулетті ауылда өскен Спан шаңырағындағы үш баланың үлкені – Дыбыс, ортаншысы – Жақыпбек, кішісі – Аймұхаммед еді. Балаларын қатардан қалдырмай, ілім-білім меңгерту үшін Спан жаз жайлауда көбіне-көп Өлеңді, "Қоймашыдағы" Мыңбай, Атанбай әулеттерімен жақындасты. Ұл-қызын сондағы молдаларға оқуға берді. Кішісі Аймұхаммед Мырза ишанның алдына барғанда аға-апалары Дыбыс пен Жақыпбектің бірі құраннан шығып, бірі құранды қирағаттап оқуға жарап қалған екен. Зерделі жандар туралы марқұм Қостанайдағы Марал ишан мешітінің бас имамы Ертай қажы Балахметұлы: "Спан (азан шақыртып қойған аты Смайыл) қызы Дыбысты, ұлдары Жақыпбек пен Аймұхаммедті молда ұстап оқытып, дін жолына түсуге ықпал етеді. Дыбыс кейіннен Пәшан Сүгір Ақмырзалы Қожаққа тұрмысқа шыққан. Құраннан бірнеше шыққан сауатты кісі. 90-нан асып, Қостанайда баласы Мейрамның қолында қайтыс болды. Ал, Жақыпбек пен Аймұхаммед сынды екі өрен діндар, "байдың тұқымы, Алашорданың туысы" деп қудаланды", – деп жазады "Үш Алаш" кітабының 441-ші бетінде.

Таңбай әулетін қуғындау 1909 жылғы Ахмет Байтұрсыновтың тұтқындалуынан басталып қатаң бақылауға алынып, 28-ші жылдың "көмпескесіне", 1929 жылғы "Батпаққара көтерілісінен" кейінгі сүргінге ұласты. "Алашорданың ымыраласы" деген лақабына діншілдігі мен байдың тұқымы болған "кінәсы" қосылған Аймұхаммед 1928 жылы қуғындалып, Башқұртстан асып кетті. Ал, елде қалған Жақыпбек 1931 жылы он жылға сотталып, Иркутскке айдалды.

"Өзі жақсы кісіге, бір кісілік орын бар" деген рас қой, қанша жерден жалалы болып, жат жерде жүрсе де, кісіге зияны жоқ, жатшылы Аймұхаммед Башқұрт ортасына тез сіңісті. Дос-жаран, тілектес жандарды көп жолықтырды дін-қарындас халықтан. Барғаннан кейін бір жылдан соң, яғни, 1929 жылы Боранбайы дүние есігін ашты. Әйтсе де, ауыры мен жеңілі қатар жүретін өмір емес пе, нәрестенің анасы Нәзипа Бөкетбай қызы жат жерде жүріп көз жұмды. Екі-үш жасар Боранбай жетім қалды. Бұл әкесі айдалып кеткен Қазымбектің де анасы қайтыс болған шақ еді. Тұс-тұсынан төнген нәубет туралатып, әулеттің басына қайғының қара бұлтты төнді. Ақылшы аға айдауда, жеңге болса, ажалдың құрбанына айналды, шырылдаған іні мен бала бір жағынан мазалап, Аймұхаммед жыл-

дам жұп құрып, тезірек үйлену қамына кіріседі. Көп ұзамай Қостанайға көшіп келіп, Жәмілә Ахметқызымен бас қосады. Сүйтіп, андушы азайып, есек-аяң саябырлаған сәтті пайдаланып, Қостанайға тұрақтап, шаруа түзеле бастады.

Қырықтың қырқасына тақап, талай-талай биік-зорды, аласаны көрген Аймұхаммед енді Айекеңе айналды. Ол бұл дәрежеге өмірден алған білімін мал, дүние табу құралы деп емес, өзін түзеген Алла жолын танумен жетті. Қостанай және оның маңайындағы адамдардың, әсіресе мұсылман қарындастың қатардағы рухани жанашыры дәрежесінен, дін таратушылары қатарынан, дін қорғаны ретінде таныла бастады. Мейлінше ақкөңіл, елгезек, қалада тұрса да, есігінен кісі арылмайтын, адам жатырқамайтын бауырмал жанның достары көбейді. Қазақстанның барлық аймақтарында ол құшағын ашпаған дін қайраткерлері кемде-кем шығар. Аяқ жетер жердегі қожа-молдалардан ол араласпаған жан жоқ. Олардың көбін өзі іздеп тауып танысатын, достасып, туысындай араласып, дін жолындағы қызметтік қалыпта да өмірінің ақырына дейін сыйласып өтті. Сол дәуірдің даңқты дін қайраткерлері: Садуақас хазірет Филмани, Шәкір қари Хиялтиденов, Камал Башари, Әлмұхаммед молда, Файзола ишан, Қызылордадағы Айтбай мешітінің имамы, Марал ишанның Бекіш деген немересінен туған Сүлеймен ишан, Сабыр молда, Ғалым молда, Оспан қожа немересі Қапыш молдалар үнемі пікірлес, қадірлес, сырлас болып араласты. Бұхара, Ташкент, Түркістан, Алматы, Қызылорда, Уфа, Пермь, Нальчик, Махачкала, Троицк, т.б. жерлердегі дін өкілдерімен тығыз қызметтік қарым-қатынас орнатып, хат жазысып, Қостанайдағы діни ахуалдың сақталуына ықпал етіп отырған. Өз кезегінде олар да діни пәтуе, қарарларын жіберіп, Қостанай аумағындағы өздерінің өкілдері ретінде санасып отырған. Бұл туралы кейінірек Қостанайдағы облыстық Марал ишан мешітінің наиб имамы Бақытжан қажы Икрамұлының аударма естеліктерінен оқырман толық танысатын болады.

Айекең "Адал адам өзі үшін өмір сүріп жарытпайды, оның бүкіл ғұмыры әдетте өмір сүруге дайындықпен өтеді", – деген ұстаныммен өмір сүріп өткен жан. Ол ұлттың келешегі деп қам жеді, бізді ойлап-толғанды, өзін сол жолда еңбек етуге мәжбүрледі.

Адам дүниеге келеді, кетеді, оның өмірдегі орны халық қазынасына қосқан үлесіне байланысты. Бұған оның ел үшін шарлап жүріп, сол замандағы үкіметтің қаһарынан тайсалмастан, дін ісіне

ықыласты жастар болса, соларды іздеп тауып, Хақ жолына түсуге бейімдеп, оқуына қарайласып, тұрмыстық жағынан қолдау жасауы күйе. Мысалы, марқұм, жиі-жиі арғын Нұрахмет Досжанұлын Аманкелді ауданынан кездестіріп, дінге ынтызарлығын байқап, Алматыға апарып, Сәкен хазіретке жолықтырды. Бұхара шәріптегі діни медресеге түсуіне жол ашып қана қоймай, тұрмысы төмен, балалалы-шағалы оның оқу жағдайына қаржылай да көмек көрсетіп, сауапты іс жасады.

Садақа – Жаратушы мен адам арасындағы дәнекер іс-әрекет. Ол тек ақша беру, мал шашу емес, қайырлы іс қылу. Исламда садақа берген адамның күнәсі кемиді, пейілі тазарады деген наным бар. Пейіш қақпасындағы: "Кімде-кім садақа беріп, қайырлы іс жасаса 20 есе, қарызға ақша берсе 40 есе сауап табады", – деп жазыл-

ған. Осындай адами үрдіс үдесінен үнемі шығып отырған Айекеңнің азаматтығы мен тақуа-пірадарлығын, жомарттығын оны білген аймақ жұртшылығы әлі күнге үлгі тұтады.

Жүрегі таза, шын берілген пәк жандар ғана үйіне алатын діни ілім, дұғалар ол кісінің қанына жастай сіңіп, ақыл-ой, сана-сезімін әбден кемелдендірген. Діндар жанның "үшінші көзінің" ашылу кезеңі 1930-шы жылдардағы Башқұртстанды жағалаған кезең болса керек. 1933 жылдары Қостанайға оралысымен Әбіл сайда қоныстанған татар слободкасындағы мұсылман тұрғындар үшін 1908 жылы салынған мешіттің указнойлары Абдрахман Шамсутдинов, Мутапалы Гилмутдиновтермен қоян-қолтық араласып, өзінің бұрын-

деген құрметінің белгісі ретінде, Рамиль Аминов маңызы ерекше тарихи құжаттың көшірмесін 2014 жылдың сәуірінде осы жолдардың иесі арқылы ұрпақтарына табыстады.

1948 жылдың 24-ші мамырында А.Спанов, М.Курмаев, З.Ғайнитдинов, М.Насыров, М.Қабасова, Ш.Кадировалар Қостанай қаласының тұрғындары атынан СССР Жоғары Советі Президиумының председателі Н.М.Шверникке (көшірмесі Қазақ ССР-і Жоғары Советі Президиумының председателі Д.Керімбаевқа) хат жолдап, Қостанай қаласының орталығы, Нариман ауданына қарасты (қазіргі 8 март көшесі, 23-ші үй) татарлардың Ахат мешітін қайтаруды сұрап, сол арқылы соғыстан тұралаған халық шаруашылығын қалпына келтіруге көмектесетінін айтады.

"Байлар менен молданы, қойдай қу қамшымен" деп ұрандатқан, дінді апиын санаған қаһарлы уақытта, бұлайша хат жазу үлкен ерлік, тура айтқанда, басты қатерге байлаумен бір еді.

Сонау соғыстан кейінгі қысылтаяң жылдары Аймұхаммед молда бастаған бұл ізденіс тоқтаған жоқ. Абзал аға өмірден озғанмен, ұлағатты ісін кейінгі ұрпағы жалғастырды. Ақыры, 1997 жылы осы күнгі Марал Ишан мешітін қайтарып алуға қол жетті. Ал, 1908 жылы Әбіл сайының бойында салынған ұзындығы 16 метр, ені 10 метр, мұнарасымен қосқанда биіктігі 6 метр, ішіне 200-250 намазхан сиятын мешіт, оған қоса ұзындығы – 9 метр, ені – 6 метр, биіктігі – 3,5 метр болатын бала оқыту медресесі 1932 жылға дейін Қостанай халқына қызмет етті. Кейін кинофикацияға берілген бұл Алла үйі кешегі 90-жылдардың талан-таражына ұшырады.


Арашашы адам аз, дау-дамайы көп, қыспаққа толы сол заманда Айекең ағамыз мойымаған. Қайта хақ дінімізді қасық қаны қалғанша қорғауға бел буған. Жанұшыра қорғап, тегеурінді іс жасады. Оның Ташкенттегі Орта Азия мұсылмандар мұфтиятында есепте тұрған заңды құжаты бар молда екенін барша Қостанай, Торғай аймағы бірауыздан мойындады. Заңды құжаты, ел алдындағы абыройы болмағанда, солақай саясат қолшоқпарлары ізгі жанды соттап жіберер ме еді?!

Ұрпағына риза ықыласпен 97 жасында өмірден өткен Үмбетей бабамыз Науырым орманы шетінде, бұл күндері "Үмбетей кесенесі" атанған бұрынғы Қаратүбекті баласы Баяндымен екеуі мәңгілікке мекендеп жатыр. Ал, енді сол атамыздың қайда жерленгені туралы деректерді біздерге бұлжытпай жеткізген адам Аймұхаммед молда Спанұлы екенін айта кету ләзім. Жер, су өз алдына тарих емес. Оны тарихқа айналдыратын адамдар, өз заманының тұлғалары. Өлке шежіресінде орны бөлек сондай тарихи тұлғалардың бірі де осы – Аймұхаммед молда. Ол кісі арада 150 жыл өткеннен кейін бабамыздың басына қолдан құйып көктас қойып, кейінгі ұрпақ үшін үлкен іс тындырып кетті.

2000 жылы Ақкөлдегі Үмбетей ұрпақтарының қауышуы да сол мазмұнда қасиеттердің көрінісі. Бұл, екінші жағынан, ұрпаққа өнеге болар шарапатты шара. "Алла тағала өзі берген нығметінің әсерін құлының үстінде көргісі келеді", – деп Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың хадисінде айтылғандай, Аймұхаммед қажы Спанұлының немересі Есентай Боранбайұлы да азаматтығын, ата жолына ақтығын аңғарта білді.

"Тусаңдағы қандай бір замандарда, Қиындығы болады, амал бар ма?!" – деген Халық ақыны Қонысбай Әбілдің бір өлеңі бар. Заман желі дін ұстанған жандар үшін солынан соққан дәуірдің рухани қысымын өлшейтін құрал табылған жоқ. Әйтсе де, Жаратушы Иеге шексіз сенген, шын берілген мүміндер бәрі төзе білді, иіліп кетпеді, қайта сыналған сайын шыңдала түсті. Аймұхаммед молда да сондай қайсар рухты адам еді. Сондықтан да, пенделіктен бойын бір мойын биік ұстап, өз маңына пікірлес жандарды топтастыра білген. "Бір есік жабылса, бір есік ашылды" дейді, пайғамбарымыздан қалған қасиетті хадистердің біріне. Қиындық көп көрсе де, көркем мінезі мен жомарттығынан айрылмаған Айекеңнің босағасынан береке арылмады. Қайта елге шапағаты тиіп, сауапқа бөленді.

Ибраһим АҒЫТАЙ.
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.



соңды жинаған білімін толықтырды. Өкінішке қарай, қазақ мешіті сол кездегі теріс саясат салдарынан филармонияға айналып кеткен еді. Сөйтіп, дінсіздік түнегі қымтаған қатал заманның өзінде маңайына ислам нұрын шашты.

Болмысынан бекзат, әрбір қадамын байқап басып, айтар ойын әбден салмақтап алатын, қандай жағдайда болмасын қобалжып, саспайтын, "бармын" деп мақтанып таспайтын, ақиқаттан бұра тартып қашпайтын Аймұхаммед, дін-қарындас үшін, Қостанай мен оның төңірегінде қаймана халық үшін жанқиярлық еңбек етті. Оның бұл жолдағы есепсіз еңбегін, әсіресе, Сиражитден Хисматтулин, Шамсутдин Баундинов, Рамиль Аминовтар бері келгенге дейін аңыз етіп айтып келді. Аллаға тағдырын аманат еткен Аймұхаммед ағаға



● КЕЛБЕТ

Талантты актер

Қазақстан Республикасының Халық әртісі Әнуар Боранбаев туралы сөз

Әнуар Боранбаев қазақ халқының маңдайына біткен өнер саласындағы санаулы жұлдыздарының бірі. Өнерге ерте араласты, өмірден ерте озды. Өнер деген киелі салада толысқан, өскен, жетілген алмас қылыштай шыңдалған шағында, бергенінен берері көп кезеңде дүниеден озды. Әнуар өнерге қазақтың қара сөзінің қаймағын айырып, көркем сөзді мәнерлеп сөйлеуден бастап келіп еді. Әнуар алғаш актер болып, ат жалын тартып театр сахнасына шыққанда біздер ауылдағы күйкі тірлік, төмен қол қызметте жүрген болатынбыз.

Әнуар ерте есейді, театр, өнер оны ерте жетілдірді. Жетпісінші жылдарда қазақ театры әртістерімен Әнуар елге келгенде қуана қарсы алған едік. Ол кезде Әнуар жас болса да бізге үлкен салиқалы адамдай көрінетін. Төңіректеп жанынан шықпай, әртістер өмірі жайлы қызғылықты әңгімесін ынтығып тыңдай бергіміз келетін. Ол уақыттың жастары өмірге де, өнерге де, жақсылыққа да өте құштар болатын. Ауылда қолына домбыра алып әу демейтін жастар болмайтын. Жаңа шыққан әнді жарыса жаттап отыратынбыз. Әйтеуір, жастарда өнерге деген үлкен құлшыныс, талпыныс бар еді. Сол киелі өнер Әнуарды өзіне тартып, тәрбиеледі, қанатын қатайтып бас театрға актер етіп сахнаға шығарды.

Біз досымыз, жолдасымыз, актер Әнуарды алғаш ауылда осылай көрдік. Әр келуін сағынып, әр кездесуін тойға айналдыратын едік. Әнуар үлкенмен де, кішімен де тез тіл таба білетін, мейірімді, инабатты, ибалы өте мәдениетті, иманды азамат болатын. Елге алғаш келген жолы қимай дос болып құшақтасып қоштастық, бір-бірімізді іздеп амандық-саулық сұрасып тұрдық. Туған ағасы Социалмен, апасы Кәбирамен ауылда көрші тұрдық. Сыйлас, дәмдес болдық. Туған інісі Таңатпен көп жылдар қызметтес болдық. Бүгінде сыйлас құрметті ініміздің бірі. Әнуардың сырлас, сыйлас достары көп болатын. Әнуар сахна саңлағы ғана емес, кино саласында да жемісті еңбек етті.

Сұлу, сыпайы келбеті, нұрлы жүзі, ойлы жанары, қияқ қара мұрты, ортадан жоғары талдырмаш сыпа, тік бойы, ашық, таза қоңыр дауысы, ана тілін мәнерлеп таза сөйлеуі, орыс тілін жете меңгеруі қандай жанр, қандай образға болса да әр беріп тұратын іскерлігі Әнуардың өнер саласын тез меңгеруіне, сол салаға тез сіңісуіне қолайлы жағдай жасайтын.

Жас жігіттен бастап еңкейген қарияға дейінгі аралықтағы алуан түрлі рөлдерді Әнуар өте нанымды ойнайтын. Әскери киім де қонымды, жарасымды көрінетін. Қазақ баласына тән ат өнерін меңгеру Әнуарда бала күннен қонған, дарыған өнер болатын. Ат құлағында ойнауы, өнер мен спортты қатар меңгеруі Әнуарды талай

тартысты бәсекеде басты рөлге жетеледі.

Әнуармен 80-ші жылдардың басында қайта қауышып, 1980-1984-ші жылдар аралығында Алматыда үнемі кездесіп тұрдық. Ол кезде Әнуар ұлттық академиялық Мұхтар Әуезов атындағы қазақ театрында актер, ал мен Алматы Жоғары партия мектебінде оқыдым. Әр жаңа спектакль болған сайын Әнуар шақыру билетін жіберуді ұмытпайтын.

Әнуардың арқасында өнердің қаншама тамаша туындысын көріп, рухани сусындадық. Әнуар арқылы Әжірбайжан Мәмбетовпен, Құман Тастанбековпен, Меруерт Өтекешовамен, Әнуар Молдабековпен, т.б. өнер қайраткерлерімен таныстым. Бірде өзіммен бірге оқитын Гүлшайда мен Саматтың үйлену тойын Әнуар Жазушылар одағының "Қаламгер" кафесінде басқарды. Келесі күні тойға Қостанай, Ақмоладан келген қонақтарды театрға шақырды. Барсақ, алдыңғы қатардан орын алып қойыпты. Қырғыздың "Ақ кеме" атты спектаклін тамашалап отырмыз. Басты рөлдегі шалды Әнуар ойнады. Қойылым барысында күйеу баласының атасына көрсетпейтін зәбірі, айтпайтын балағаты жоқ. Жұрт ұйып тыңдап отырған. Бір кезде ақ жаулықты бір кейуана орнынан атып тұрып: — Әй, көргенсіз! Қойсайшы енді үлкен адамды зәбірлей бермей, — деп айғайламасы бар ма. Жұрт ду етіп қол соғып, қыран-топан күлкіге батса, манағы қария "неменеге жетісіп күлесіңдер" деп залдағы көрермендерге айғайлады. Міне, Әнуар ойнаған бейненің қаншалықты шындық болып көрінгенінің бір айғағы осындай.

Әнуар осы сексенінші жылдары қазақ теледидарынан үнемі Л.И.Брежневтің еңбектерін қазақша оқитын, сахнада ойнайтын, киноға түсетін. Бірде Әнуар Молдабеков екеуі Алматы Жоғары партия мектебі тыңдаушыларымен кездесуге келді. Екеуі де қара сөзді келістіре оқиды. Әсіресе, Әнуар Молдабеков Жұбан Молдағалиевтың "Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген" атты өлеңін дауылдата, екпіндете оқыса, Әнуар Боранбаев қоңыр сазды, жанға жайлы екпінімен көркем сөзді келістіре оқыды. Жерлесіміз, досымыз деп көпшілікке Әнуарды көрсетіп, біз де бір мақтанып қалған едік.

"Қос Әнуар театрдың қос босағасы ғой" деп Әжірбайжан Мәмбетовтың айтқанын естігенім бар. Иә, Әнуар театрдың төрт тіреуінің, қос босағасының бірі еді. Ол 50 жасында Халық әртісі атағын алды. Ол қандай мақтауға да тұратын, ақкөңіл, адамгершілігі зор, қарапайым, мейілінше кішіпейіл, қонақжай, көпшіл азамат болатын. Үйіне қанша барсаңда толған адам, бірі әртіс, бірі ауыл қонағы, бірі досы, бірі жолдасы дүмеп жататын.

Әнуар алғашқыда Лермонтов театры артындағы үйде, кейіннен 8-март көшесі

маңындағы бұрын ақын Қасым Аманжолов тұрған үйде тұрды. Қол босаса Әнуарға, театрға тартамыз. Ол ерте шықса бізге партшколға келетін. Інісі Таңат ол уақытта институтта сырттай оқыды. Ауылдан артынып-тартынып келеді. Бас қосамыз. Әнуар неше алуан әңгіме айтады. Әсіресе, Шәкен Айманов жайлы көп әңгіме білетін. Жетпісінші жылдардың аяғында Шәкен Айманов "Гүлдер" ансамбілімен Америкаға, одан Канадаға гастрольдік сапармен барады. Канадада концерт соңында "Атамекен" әні орындалады. Сол кезде сахна алдында жиналып жылап тұрған бір топ қазақ азамат-азаматшаларды көреді. Сұрастыра келе, тағдыр тауқыметімен әрбір кезеңде Отанынан сырт елге ауған азаматтар екен. Ішінде Америкадан келген бірі ғалым, бірі кәсіпкер екі қазақ азаматы болады. Олар Шәкенмен сұхбаттасып, қоштасарда "ескерткіш" деп бірі алтын жүзік, бірі шағын сувинир, алтын оқалы түйе жүн шекпен сыйлайды.

Шәкен дән риза болады. "Дәм жазып қайта оралсам, елден қандай бұйымтай әкелейін" деп сұрайды. Сонда олар айтты дейді: "Шәке! Бізде бәрі де бар, байлығымыз жетеді, жеке ұшағымыз да бар, ешнәрсеге зәру емеспіз, тек қана ата-баба жұртынан қос уыс топырақ әкелсең болады. Ертең өмірден озғанда балаларымыз туған жерден бір уыс топырақ салар еді" депті. "Шәкен ағамыз осы әңгімені үнемі өсиет етіп айтып отыратын" деуші еді Әнуар.

Тоқсаныншы жылдары театр әртістерімен Әнуар елге келді. Кеңшарларды аралап, спектакль соңынан концерт берді. Үш күн бірге жүріп, өнерін, өлеңін тамашаладық. Айтбай Шөкенов, Сәбит Әбілбеков үшеуіміз соңынан ердік. Күйкі тіршілікпен көптеген достары шыға алмады. Тіпті, сол концерттерге ел самарқау қатынасты. Сонда Әнуардың ренжігені бар: Сыртта жүрсең жұрт құшақ жая қарсы алады, басына көтереді, даңқымызды шығарып дәріптейді, өнерімізді бағалайды, құрмет тұтады, ал, елге келсек ешкім елей бермейді, бағаламайды, тіптен тегін концертке келгісі жоқ деп қынжылған еді. Иә, Әнуардың айтуы орынды болатын. Алтынның қолда барда қадірі жоқ. Біз асылымызды жоғалтып алып барып іздейміз, айырылып қалып "аһ" ұрамыз.

Сол Әнуар ауырып, емделуге қаржы сұрап елге келгенде осы Аманкелді ауданы нақты көмек жасай алмаған. Ол тек Аманкелдінің ғана Әнуары емес, барша қазақтың, өнердің Әнуары еді-ау сабаз. Әнуар өз өнерімен қазақ халқын талай шет елге танытты, ол арқылы қазақ азаматын көрді, таланттына тамсанды, табынды, құрметтеп бас иді, өнеріне сүйсінді. Талай киноларда басты рөлдерді тамаша сомдады.

Иә, Әнуар өмірден озғанмен халқы, өнер сүйер қауым, өнердегі достары, ауылдастары әсіресе, бірге туған туыстары ерекше құрмет жасады. Әнуар атына мектеп, кинотеатр аты берілді. Бұл өте құптарлық іс. Әрине, осы істің басында жергілікті басшылар емес, Әнуардың туыстары тұрғаны анық. Арқалық қаласында Әнуар Боранбаев атындағы кинотеатрда Әнуар түскен кинолар көрсетілуде. Бір топ жолдастары "Құланның ажалы" фильмін тамашаладық. Ол "Құланның ажалында" халық батыры Кейкі (Нұрмағанбет) Көкенбайұлының образын сомдайды.

Өмірден тарыққан, торыққан, қайда барса да алды орға, арты жарға кездескен батыр алмағайып кезеңді өте қынжыла, қинала суреттейді. Батырдың ұнжырғасы түсіп, салы суға кетіп, азаматтық жолындағы күрескен еңбегі еш болған, соңынан ерер азамат болмай торыққан кезеңді елестейді көз алдымызға. Режиссердің екі шоқып, бір қарап, жалтақтап отырып жазған батыр образын ойнаған Әнуар сияқты атақты актердің еркін өзіне бермей, кино желісінен шыға алмай қиналған, кіжінген, қайғырған сәттері көз алдыға келеді. Әнуар өнердегі өрен жүйрік, тайпалған жорға еді. Әнуармен қатар топтан оза шапқан тұстас, құрдастары да көп еді. Осы топырақтан шыққан жастары құрдас Әнуар Боранбаев, Жұматай Сабыржанов, Сайлау Ордабаевтар өнердің әр саласын меңгерген, сол арқылы өнерді насихаттаған, өнерлері оларды әлемдік деңгейге көтерген әртістер еді. Өнерді сүймеген, өнерді қадірлемеген, өнер нәрімен сусындамаған, өнерді түсінбейтін пенделер осы үш арыстай азаматтың өмірдегі, өнердегі құдіретін түсінуі, олардың жан дүниесін ұғуы қиын. Әнуар осы аталған екі азаматтың алдындағы көш басшысы еді. Әнуардың жоқтығы бүгін көрініп тұр. Әнуар жоқ. Бірақ өнердегі бейнесі халық жүрегінде, өнері кейінгі ұрпаққа өнеге болып, қазақ өнерінің "Алтын қорында" сақталуда. Әнуар туралы талай жыр-дастан жазылды, деректі фильмдер түсірілді, өмірдерек кітабы шықты. Киелі жер иесіз болмас. Киелі Торғайдан талай тарландар шығарына сенемін.

Талай өнер тарландары шығып та жатыр. Текті Торғайдың топырағы құнарлы, халқы зиялы. Қай жерде жүрсе де, тектілігін жоғалтпай өнердіңде, спорттың да алдыңғы қатарында жастарымыз жүреді. Әнуар ізбасарлары қаулап өсіп келеді. Лайым, осылай өсіп, өркендей берсін! Ұлы Жаратушы Әнуарымызға иман берсін деп тілейік ағайын!

Шөптібай БАЙДІЛДИН,
Арқалық қаласының
құрметті азаматы.

<i>Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 82 қаулысы</i> Облыс әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын. 2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Облыс әкімі А. Мұхамбетов. Әкімдіктің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 82 қаулысына қосымша Қостанай облысы әкімдігінің күші жойылған қаулыларының тізбесі 1. Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы №54 "Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелерін, жер телімдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3704 болып тіркелген, 2010 жылғы 23 ақпанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған); 2. Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 8 сәуірдегі № 135 "Әкімдіктің 2010 жылғы 30 қаңтардағы №54 "Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелерін, жер телімдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 8 мамырда № 4128 болып тіркелген, 2013 жылғы 4 маусымда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған); 3. Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 17 маусымдағы № 230 "Әкімдіктің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 54 "Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелерін, жер телімдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 2 шілдеде № 4170 болып тіркелген, 2013 жылғы 10 шілдеде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).	<i>Постановление акимата Костанайской области от 25 февраля 2016 года № 82</i> О признании утратившими силу некоторых постановлений акимата Костанайской области В соответствии со статьей 40 Закона Республики Казахстан от 24 марта 1998 года "О нормативных правовых актах" акимат Костанайской области ПОСТАНОВЛЯЕТ: 1. Признать утратившими силу некоторые постановления акимата Костанайской области согласно приложению к настоящему постановлению. 2. Настоящее постановление вводится в действие со дня его подписания. Аким области А. Мухамбетов. Приложение к постановлению акимата от 25 февраля 2016 года № 82 Перечень утративших силу постановлений акимата Костанайской области 1. Постановление акимата Костанайской области от 30 января 2010 года № 54 "Об утверждении Правил по ведению порядка присвоения наименований и переименований составных частей населенного пункта установления требований к присвоению порядковых номеров земельным участкам, зданиям и сооружениям на территории Костанайской области" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 3704, опубликовано 23 февраля 2010 года в газете "Костанай таңы"). 2. Постановление акимата Костанайской области от 8 апреля 2013 года № 135 "О внесении изменения в постановление акимата от 30 января 2010 года № 54 "Об утверждении Правил по ведению порядка присвоения наименований и переименования составных частей населенного пункта, требований к присвоению порядковых номеров земельным участкам, зданиям и сооружениям на территории Костанайской области" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 4128 от 8 мая 2013 года, опубликовано 4 июня 2013 года в газете "Костанай таңы"). 3. Постановление акимата Костанайской области от 17 июня 2013 года № 230 "О внесении изменений в постановление акимата от 30 января 2010 года № 54 "Об утверждении Правил по ведению порядка присвоения наименований и переименования составных частей населенного пункта, требований к присвоению порядковых номеров земельным участкам, зданиям и сооружениям на территории Костанайской области" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 4170 от 2 июля 2013 года, опубликовано 10 июля 2013 года в газете "Костанай таңы").
--	---

Қостанай облысы әкімінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 2 шешімі Облыс әкімінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4 "Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және жүргізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын жұмыстарды айқындау туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңы 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес ШЕШТІМ: 1. Қостанай облысы әкімінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4 "Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және жүргізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын жұмыстарды айқындау туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5490 болып тіркелген, 2015 жылғы 03 сәуірде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын. 2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. А. Мұхамбетов.	Решение акима Костанайской области от 25 февраля 2016 года № 2 О признании утратившим силу решения акима области от 30 марта 2015 года № 4 "Об определении работ, по которым организация и проведение государственных закупок выполняютс я единым организатором" В соответствии сстатьей 37 Закона Республики Казахстан 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", пунктом 2 статьи 21-1 Закона Республики Казахстан от 24 марта 1998 года "О нормативных правовых актах" РЕШИЛ: 1. Признать утратившим силу решение акима Костанайской области от 30 марта 2015 года № 4 "Об определении работ, по которым организация и проведение государственных закупок выполняются единым организатором" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5490, опубликовано 3 апреля 2015 года в газете "Қостанай таңы"). 2. Настоящее решение вводится в действие со дня его подписания. А. Мухамбетов.
--	---

«Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы агроөнеркәсіп кешені субъектілерінен бидай мен арпаны форвардтық сатып алудың басталғанын жариялайды Форвардтық сатып алудың негізгі шарттары: – міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (СПК) көпілдемесін ұсыну; – бидай және/немесе арпаны жеткізу; – алдын ала төлем сомасының 5 % мөлшерінде комиссия төлеу; – міндеттемелерді орындау мерзімі 2016 жылғы 1 қарашаны қоса алғанда; – АӨК субъектілерінің 2012 жылғы қаржыландыру келісім-шарттары бойынша және 2013-2015 жылдарғы форвардтық сатып алу келісім-шарттары бойынша өз міндеттемелерін толықтай орындау; – "Холдинг"ҚазАгро" АҚ еншілес ұйымдары және басқа да қаржылық ұйымдардың алдында мерзімі өткен міндеттемелерінің жоқ болуы. Осы бағдарламаға қатысатын АӨК субъектілерінің тізімін облыс әкімдіктері жанындағы облыстық Үйлестіру кеңестері қалыптастырады. Осы бағдарламаға қатысуға өтінімдер АӨК субъектілерінен "Азық-түлік келісім шарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ облыстық өкілдіктерінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қ., Таран көш., 147, тел.: (8-714-2) 53-11-44, 53-45-79, 53-29-12. Қосымша ақпаратты мына мекенжайдан алуға болады: Астана қ., Московская көш., 29/3, тел. (8-717-2) 59-12-48, 59-12-65, 59-12-13.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Қостанай филиалы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін 2016 жылғы II тоқсанда ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдауды жүргізуші тұлғаның А.Т.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізуші тұлғаның лауазымы	Қабылдау күні және уақыты	Мекенжайы	Қабылдауға алдын ала жазуды жүргізуге уәкілетті тұлғалардың байланыс телефондары
Жұмашев Мираш Жұмашұлы	Директор	Бейсенбі 15.00-16.00	Қостанай қ. Баймағамбетов көшесі, 195, 311-кабинет	8 (7142) 54-44-24 - басшының хатшысы,
Джумабаева Галия Ивановна	Директордың орынбасары	Сәрсенбі 15.00-16.00	Қостанай қ. Баймағамбетов көшесі, 195, 309-кабинет	8 (7142) 54-23-81 - іс қағаздарын жүргізу жөніндегі жетекші инспекторы
Омарханова Жанна Тулигановна	Директордың орынбасары	Сейсенбі 15.00-16.00	Қостанай қ. Баймағамбетов көшесі, 195, 307-кабинет	

Жазасын өтегендерге де жұмыс керек

Арқалық қаласы әкімдігінде әкім орынбасары И.Маметбеков пен қала прокуроры Б.Бекбосыновтың қатысуымен қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге шараларын орындайтын мекемелер қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ, қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөнінде жиналыс өтті.

Сотталғандарға әлеуметтік көмек көрсету бойынша сұрақтарды талқылау мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлері, оның ішінде Арқалық қаласының пробация қызметінің, көші-қон полициясы бөлімінің, УҚ-161/12 мекемесінің, бейімделу орталығының, жұмыспен қамту орталығының қызметкерлері, ауыл әкімдері қатысты.

Күн тәртібінде жазаларды орындауды жүзеге асыру кезінде туындайтын мәселелер, бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан тұлғаларды, жаза өтеушілерді жұмысқа орналастыру, кәсіптік оқыту, әлеуметтік және өзге де көмек көрсету мәселелерін шешу бойынша сұрақтар қаралды.

Өткізілген жиын нәтижесінде Арқалық қаласы әкімінің орынбасары И.Маметбеков бірлескен жұмыстарды қорытындылап, Арқалық қаласының пробация қызметіне бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және қоғамнан оқшаулауға байланысты емес сотталғандарды жұмысқа орналастыру мәселесінің шешілуі бойынша талдау жүргізу, жұмыссыз сотталғандарды анықтау жұмыстары белсенді жүргізіліп, алдағы уақытта "Арқалық қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жұмысқа орналастыруға немесе кәсіби біліктілігін арттыру үшін жолдау, сонымен қатар, жұмысқа орналастыру мәселесіне бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғам және қала кәсіпорындарының назарларын аудару бойынша талап етті.

М. ӘДІЛБЕК,
"УҚ-161/12 мекемесі" РММ аға инспектор психологы.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Асыл анамыз, "Батыр Ана" төсбелгісінің иегері **Сәуекен келіні Медеу қызы Жадыраның** бізді тастап, бақилық болғанына да, міне, жылдың жүзі болып қалды. Бүгінде әкеміз екеуі бағып-қағып өсірген бала-шаға, немере-шөберелері мұңды сағынышпен еске аламыз. Әке-шешеннен айырылғаның, қос қанатыңнан қайырылғаның дейді... Бірақ, бәрі бір Алла тағаланың қолында.

Алланың рақымы, Пайғамбардың шапағаты тисін, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын деп, мына жыр жолдарын арнаймыз:

Әкелген бұл өмірге даналарды
Жеткізген азамат қып балаларды.
Иеміз басамызды асыл жанға
Қастерлеп құрметтейміз аналарды
Ананың орны бөлек бұл өмірде
Нұр құйған,нәрін берген бәр өңірге.
Жырымыз, құрметіміз анамызға
Сана мен ақыл берген әр көңілге.

Балалары мен келіндері, қыздары мен күйеу балалары, немере-шөберелері және жиен-жиеншарлары атынан.



Облыстық "Қостанай таңы" газеті редакциясының ұжымы Аманкелді ауданының әкімі, газетіміздің шынайы жанашыры Жансұлтан Тәукеновке ағасы
Нұржанның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қостанай облысы Марал ишан мешітінің ұжымы, Қажылар қауымдасығы, облыстық "Зекет қоры", мешіт имамдары мен жамағаты, ҚМДБ-ның Қостанай облысы бойынша өкіл имамы Тәжімбет Бахытбек Нұрғабылұлына, туған-туысқандарына
Әлібек Садуақасұлының мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. Алла Тағала алдынан жарылқап, өз мейіріміңе бөлей гөр! Марқұмның жаны жұмақта, топырағы торқа болып, иманы серік болғай!

"Жоғары спорт шеберлігі мектебі" КММ ұжымы және әкімшілігі Қостанай облысының қазақ күресі бойынша жаттықтырушысы Қасымханов Жұмақан Нұрқанұлына
әкесінің мезгілсіз дүние салуына орай көңіл айтады.

● НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА

Ұлыстың ұлы күні қалай тойланады?

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Көгіне күнін өрлетіп, төрт түлігін төлдетіп, қаймақ-сүтін көлдетіп өз-Наурыз келіп жетті. Ұлыстың ұлы күнін мерекелеуге еліміздің батысындағы халық әлдеқашан кірісіп кеткен. Соның бірі 14 наурызда басталатын Көрісу амалы. Бұл күні ер адамдар қос қолдасып, төс қағыстырады, әйелдер болса құшақтасады, ерлер мен әйелдер кездессе, құшақ айқастырады. Осынау дәстүр Батыс Қазақстан облысында әлі күнге сақталып, жалғасын тауып келеді. Солтүстік аймақтағы біздің өңірде ше?

Қостанай қаласында Ұлыстың ұлы күнін тойлауда білім беру мекемелері көш бастап тұр. Қар астынан қылтыған көк шөптей әрбір оқу орындарында, кітапханаларда мәдени іс-шаралар ұйымдастырылуда. 22-наурыз күні қаламыздағы орталық алаңда ақшаңқан киіз үйлердің тігілетіні баршаға белгілі. Қаз қатар орналасқан киіз үйлердің маңы ду-думанға айналады. Өн айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар ой-

налады. Өткен жылдарға көз салсақ, 2012 жылы Қостанайдың Сити-орталығында 12 киіз үй, 2013 жылы 14 киіз үй, 2014 жылы 14 киіз үй, былтыр 30 киіз үй тігіліпті. Мұндай игі іс биыл да жалғасып таппақ.

– Өз-Наурызға арналған іс-шаралардың алғашқы легі білім беру мекемелері мен кітапханаларда басталып кетті. Тақырыптық көрмелер, ұлттық салт-дәстүрді насихаттауға арналған концерттік бағдарламалар

ұйымдастырылуда. Мерекелік шаралар қаланың әрбір шағын аудандарында өтетін болады.

Наурыз – ежелгі мейрам. Күн мен түннің теңеліп, Самарқанның көк тасы жібіген шақта жан-жануар түлеп, төлдеп, жер беті жаңарады. Молшылықтың, береке-бірліктің мейрамы баршамызға қайырлы болсын! Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймын, – деді Қостанай қаласы әкімдігінің баспасөз хатшысы Самат Жанділдин.

Наурыз мейрамы – ел күнтізбесінде қызыл түспен боялған мемлекеттік мереке. Маңызды күнге арналған салтанатты іс-шаралардың бір парасын атап өттік. Бірақ, Наурыз мейрамымен құттықтауға арналған маңдайшадағы жазуларды сирек кездестіресіз. Ал, сіздің ауыл-аймақ Наурызды қалай тойлайды?

● БАЛДӘУРЕН

2014 жылдан бастап балабақшамыздағы балаларға музыкалық тәрбие беруде көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Кез-келген мереке мен атаулы күндерге арналған әрбір ертеңгілік іс-шаралар үнемі балалардың қатысуымен өтеді. Әрбір іс-шараға дайындалу және өткізу барысында балалардың көңілдері мен шабыттары әр түрлі. Өн айтып, тақпақ жаттап,



Алғашқы баспалдақ

түрлі билерді ерекше ырғақпен билеу арқылы балалардың жалпы моторикасын дамыту әрекеттері жүзеге асырылып отырады. Сондықтан да әр шараның алар орны бөлек. Балалар ертеңгілікке белсене араласады. Әр баланың өнерге деген құлшыныстарын, бейімділіктерін, талаптарын анық байқауға болады. Әрі қарай өнерінің дамуына қолдаушылық білдіресіз. Балабақшада атаулы күндерді даярлаумен қатар музыкалық жетекшінің жеке жұмыс жоспары бойынша да түрлі музыкалық іс-шаралар өтеді, мысалы, «Білім күні», «Қарттар күні», «Ұстаздар күні», «Алтын күз», «Бақытты балалық шақ»

отбасылық сайысы, «Президент күні», «ҚР Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекесі, «Қош бол, шырша!», «8-наурыз – халықаралық әйелдер күні», өзіміздің ұлттық мерекеміз – өз-Наурыз, көріністер мен қойылымдар дегендей.

Әр іс-шараның сәтті өтуіне музыкалық жетекшіден басқа әкімшілік пен ата-аналардың көмектері мен демеулері орасан. Әсіресе, ата-аналардың балаларын қолдап, үнемі түрлі-түсті, салтанатты киімдерін даярлап әкелулерінің өзі үлкен еңбек. Әр баланың ұлттық нақыштағы киімдері бар, сондықтан да музыка сабағынан ашық сабақтар-

да, түрлі іс-шараларда олар ұлттық киім киіп отырады. Сол себепті де балабақшадағы балалардың музыкалық тәрбиесі үзіліссіз, жүйелі жұмыс деп айтамыз, сәби жастан алған сол тәрбие мүмкін үлкен өнер жолындағы алғашқы баспалдағы болар.

Гүлайым АБУТАЛИПОВА,
«Балдәурен» мектепке
дейінгі дамыту және тәрбие-
леу орталығының музыка-
лық жетекшісі.
Рудный қаласы.

Айтыста топ жарды

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Астана қаласындағы Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназияда жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығы мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Ел бірлігін сақтаған татулықты айт» атты Республикалық жас ақындар айтысында арқалықтық жас берен, Б.Майлин атындағы №3 мектептің 11-сынып оқушысы Айбар Рағатов I дәрежелі дипломды иеленді. Жетекшісі Жанатбек Қожықов.

Аламан айтысқа еліміздің өңірлерінен топжарған 12 жас жүйрік қатысып, қазылар алқасының құрамында Аманжол Әлтаев, Балғынбек Имашов, Жандарбек Бұлғақов сынды айтыс ақтаңгерлері төрелік жасаған.

Жыр көшіне ілескен жас өренге әрдайым толайым табыстар тілейміз.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Республикалық айтыстың жеңімпазы А.Рағатов пен белгілі айтыскер ақын Б.Имашов.



«Әлем балалар көзімен»



Міне, осындай тақырыпта Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне орай «Шұғыла» балалар орталығында аудандық білім беру бөлімінің әдіскері Қанат Болатұлының ұйымдастыруымен жас суретшілер байқауы өтті. Байқауға ауданның бес мектебінен он алты оқушы қатысты. Байқау ережесі бойынша оқушылар тақырыпқа орай өз туындыларын салып, өзара бақ сынасты.

Байқау қорытындысы бойынша алты оқушының жұмысы үздік танылды. Атап айтар болсақ, 1-ші орынды – Ә.Боранбаев орта мектебінің 9-шы сынып оқушысы Дәулет Сәбит, 2-ші орындарды Б.Қолдасбаев орта мектебінің 6-шы сынып оқушысы Аида Ибраева мен Ә.Боранбаев орта мектебінің 10-шы сынып оқушысы Жаңылсын Хусайндар өзара бөлісті. Ал, 3-ші орындарды Аманкелді орта мектебінің 4-ші сынып оқушысы Айбек Серікбай және 6 сынып оқушысы Илияс Қонысбаев, сонымен қатар Б.Қолдасбаев орта мектебінің 10-шы сынып оқушысы Айбол Қасымбектер иеленді. Жас суретшілер білім бөлімінің алғыс хатымен марапатталып, естелік суреттерге түсті.

Өнет ЖҰМАБЕК.

Аманкелді ауданы.

«Әлеуметтік оналтуды дамыту ғылыми-тәжірибелік орталығы» РМҚК
Қостанай қаласындағы филиалы
- құлақ мүкістігінің деңгейін анықтау
- есту протезін қолдану
ДС-ЖМ 10.00 - 16.00
түскі үзіліс: 12.00 - 12.30
Қостанай қаласы, 1 Май көшесі, 151
Облыстық аурухана, №1 корпус, 11-ші каб.
Тел. 8-777-998-23-42, 8-778-325-46-81

Жұмыс кестесі: сағат 8.00-ден 23.00-ге дейін
Қостанай қ. Дулатов к., 89
Тел: 8 (7142) 533-226, 8 705 460-86-00

4-9 наурыз күндері аралығында таулық бойы қызмет етеміз

8 МАРТА
Жеңілдіктің бір жыл бойғы жүйесі қарастырылған

Қызғалдақтар 400 теңгеден

1 раушан - 600 теңге
7 раушаннан бастап - 550 теңге
15 раушаннан бастап - 500 теңге

Меншік иесі:

«Қостанай таңы» газеті
редакциясы» ЖШСДиректор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВДиректор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17Редакцияның
мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Қостанай таңында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет «Қостанай таңының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.